www.jasqazaq.kz vk.com.jasqazaq Jasqazaq Жас қазақ

ISSN 2074-899X

# JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 2005 жылдың 7 қаңтарынан шыға бастады

№7 (787) 21 ақпан 2020 жыл

ҚЫЛТҰЗАҚ

## ҚАРУ ҰРЛАП ҚАШТЫ...

***«Сенген қойым сен болсаң, күйсеген аузыңды ұрайын» деуші еді бұрынғылар. Ел қорғайтын ерлеріміз бейбіт күнде қару ұрлап қашып жүр. Мәселе былай: 20 ақпанға қараған түні Түркістан облысының Бадам ауылында орналасқан №10216 әскери бөлімде келісімшартпен қызмет істеп жүрген кіші сержант Абылай Бағдатұлы қоймадан қару-жарақ алып қашып кетіпті. Бұл туралы Бас әскери прокуратураның баспасөз қызметі хабарлады.***

Оқиға болған уақытта Бадам ауылының тұрғындары әскери бөлім маңында жүрген полицейлерді байқаған. Іле-шала әскери бөлімде қызмет етіп жүрген кіші сержанттың жұмыс орнынан 30 Калашников автоматы мен 27 Макаров тапаншасын және 429 оқ-дәрі алып кеткені анықталды.

Бөлімше өкілдерінің айтуынша, кешке қарай атыс қаруының азайып қалғаны белгілі болған. Құқық қорғау органдары мен әскери полиция күдіктіні ұстау, жоғалған қару-жарақты табу бойынша шұғыл әрекет етеді.

**Жарас КЕМЕЛЖАН**

**БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА**

*Ішкі істер министрлігі әскери бөлімшеден қару-жарақ ұрлаған кіші сержант Абылай Бағдатұлының ұсталғанын хабарлады. Қару алып қашу фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды.*

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІ

***Жамбыл облысының Қордай ауданындағы оқиғадан кейін іле-шала аймақ басшысы болып тағайындалған Бердібек Сапарбаев бірден өңірдегі түйткілді зерделеуге кірісіп кетті. Жаңа қызметіндегі 9 күннен кейін ел алдында жылдық есеп берген әкім шын мәнінде қордаланған мәселелер барын, оларды шешу жолын ашып айтты. Бұл жұртшылық тарапынан қолдау тапқаны анық. Осы орайда, біз газетімізге Жамбыл облысы әкімінің есепті жиында көтерген өткір ойларын ықшамдап бергенді жөн көрдік.***

Фото: inbusiness.kz

**Бердібек САПАРБАЕВ,,**
*Жамбыл облысының әкімі:*

## ПИЯЗДАН БАСҚА ДӘНЕҢЕ ДЕ ЖОҚ

Ең негізгі мәселе – өзімізді жергілікті азық-түлікпен қамтамасыз етуіміз керек. Импортты, басқа өңірден келетін азық-түлікті азайтуымыз қажет.

Мен өткен жексенбіде Тараздың негізгі базарларында болдым. Сонда Жамбыл облысында өсірілген пияздан басқа бір де бір өнім көрген жоқпын. Картоп, сәбіз, қырыққабат, барлығы сырттан келеді. Кеше ғана зиялы қауым өкілдерімен кездескенде айтып едім, Павлодардан картоп алатын болсақ, не болғанымыз?!

Одан кейінгі мәселе – қант қызылшасы. Әрине, бұл жерде мәселе бар. Қант қызылшасын өндірушілердің өнімін қант зауыттары алуы керек. Біз кешеден бері бұл мәселе жөнінде ауыл шаруашылығы министрімен жұмыс істеп жатырмыз. Оның бір жолын табармыз. Бірақ ондай қиындықтарға қарамастан, біз қызылша алқабын көбейткеніміз жөн. Пайдаланылмай жатқан жерлерге байланысты өңірде біраз жұмыс жасалған. Енді біз соны ары қарай жалғастырып, биыл ең кем дегенде 70 мың гектар жерді мемлекеттің меншігіне қайтаруымыз керек.

Пайдалы қазбаларымыз ертеңгі күні таусылуы мүмкін. Сондықтан біз қазірден бастап барлау жұмысын жүргізуіміз, геологияға үлкен көңіл бөлуіміз қажет. Өңірдің жер қойнауында қандай қазба байлық барын жақсы білесіздер.

Салынып жатқан құрылыстың құнын төмендету, бағасын арзандату керек. Ол үшін біз өзіміздің еліміздің, өз өңіріміздің шығып жатқан құрылыс материалдарын толығымен пайдалануымыз қажет. Құмды, қиыршық тасты, әктасты айтпағанда, мұнда цемент, гипске дейін бар. Қазір біз бұл мәселені зерттеп, толығымен өзімізде шығып жатқан материалды пайдалануымыз керек. Сол арқылы құрылыстың бағасын төмендетуге болады.

Бір нәрсені ескертейін деп едім, бізде халқының саны 200-ден аспайтын шағын елді мекен бар. Қазіргі таңда біз ол ауылдарға су, газ құбырын алып бармаймыз. Себебі оны жүргізу құны алтынға тең болады. Олай болмайды. Оны қазіргі заманауи қолданылып жатқан технологиялармен, ең құрығанда, скважина қою арқылы шешеміз. Әрмен қарай жағдайымыз жақсарып жатса, онда көреміз.

Біз үшін ең үлкен мәселенің бірі – халықтың табысын көтеру. Өкінішке қарай, қазіргі таңда халықтың табысы, жалақысы жөнінен Жамбыл облысы басқа өңірлердің ішінде Солтүстік Қазақстаннан кейінгі орында тұр, яғни ең соңындамыз. Біз қазір осыған байланысты жұмыс істеуіміз керек. Биылдан бастап мұғалімдердің, дәрігерлердің, мәдениет, спорт саласы қызметкерлерінің жалақысы орта есеппен 25 пайыздан 30 пайызға дейін өсті. Енді біз өзіміздің мүмкіндіктерімізді пайдаланайық.

*(Жалғасы 4-бетте)*

ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН

## ҚАЗАҚ ТІЛІН 6 АЙДА ҮЙРЕНГЕН ЖАПОН

***Такеши Номура – жапон азаматы. Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде алты айдан бері оқып жүр. Бар арман-мақсаты – қазақ тілін үйрену. Кеше Jas qazaq-қа арнайы келген ол қазақ тілін үйренуге не себеп болғанын, біздің тілімізге деген қызығушылығы төңірегінде әңгімелеп берді.***

**Jas qazaq:** Такеши мырза, қазақ тілін қалай тез үйрендіңіз? Қала тұрғындарымен қарым-қатынас барысында қазақша сөйлесесіз бе? Өзіңіз секілді тіл үйренуге құштар шетелдік жастар көп пе?

**Такеши Номура:** Қандай да бір тілді үйренбес бұрын адамда нақты мақсат болуы керек. Қазақ тілі – өте бай тіл. Оны үйрену аса жауапкершілікті талап етеді. Мен көбінесе аудиожазбаларды тыңдаймын. Өйткені, тыңдау арқылы әр сөздің қалай айтылу, қалай дұрыс қолданылуы керектігіне мән беремін. Қазақша сөздерді көбірек жаттауға тырысамын. Сол арқылы сөздік қорымды байытқым келеді.

Қазір біздің топта Қытай, Сингапур, Швециядан келіп, қазақ тілін үйреніп жүрген студенттер бар. Олармен тек қазақ тілінде сөйлесемін. Қала тұрғындарынан мекен жайды, аялдаманы, дүкенге барсам, тауардың бағасын қазақша сұраймын. Кездескен адамдарым барынша қазақша жауап беруге тырысады. Осылайша, қазақ тілінде сөйлесу арқылы өзімді дамытқым келеді. Бірақ, бір байқағаным – кейбір қазақ азаматтары өз тілінде сөйлемейді.

*(Жалғасы 7-бетте)*

ӘТТЕГЕН-АЙ!

## АНЫҒЫ МЕН ҚАНЫҒЫ

Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданында тұрғындар «коронавирус жұқтырды» деген алыпқашпа әңгіме мен жалған ақпарат жұрттың алаңдауына себеп болды. Қолына қалам ұстағандардың сөзіне қарағанда, Сарытерек және Айнабұлақ ауылдарының тұрғындары жергілікті амбулатория алдына жиналған көрінеді.

Кеше облыс әкімі Даниал Ахметов Зайсан ауданына арнайы келіп, тұрғындармен кездескен. Аймақ басшысы ел-жұрттың алаңдауына еш негіз жоқтығын айтты.

Ал облыс әкімдігінің баспасөз хатшысы Айгүл Базарова әлеуметтік желілер мен мессенджерлердегі ақпараттардың жалған екенін мәлімдеді. Ол «Зайсан ауданында ешқандай да коронавирус таралу дерегі жоқ. Оны ресми түрде айта аламын. Бүгіннен бастап енгізілген карантин бойынша арнайы 14 күн бойы жататын азаматтарға дайындалған орталықтар бар.

Фото: baq.kz

Алайда осы профилактикалық шараны жүргізу барысын кейбір азаматтар бұрмалап, халық арасында наразылық туғызып жатыр», – деді.

Кеше денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановта осы жағдайға байланысты пікір білдірді. Ол: «Жергілікті тұрғындар жалған ақпарат естіген. Бұл мүмкін емес. Өйткені шекара жабық. Қазіргі уақытта Шығыс Қазақстан мен Алматы облысындағы шекарадан өтетін адамдар саны өте аз. Негізінен екіжақты трансшекаралық сауда-саттықпен айналысатын біздің азаматтарымыз, жүк көліктерінің жүргізушілері. Ал Қытайға өтіп кеткен саудагерлеріміз әлі сонда. Қазір олар оралғысы келеді. Олар қайтып келген жағдайда біз олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуіміз қажет», – деді.

Сонымен, тәжвирус төңірегіндегі қауесет Шығысты шыр айналдырды. Қалай десек те сақ болғанымыз жөн.

**Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ**

БИРЖАМЕТР

| | |
|---|---|
| МҰНАЙ (brent) | 59,43 |
| DOLLAR | 377,09 |
| EURO | 407,37 |
| РУБЛЬ | 5,93 |

7 КҮН 168 SAĞAT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

БИЛІК

# АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ ЖЕТІЛДІРІЛЕДІ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаевты қабылдады.**

Кездесу барысында министр мемлекет басшысына елімізде ақпараттық саясат тетіктерін жетілдіру, азаматтық қоғам мен ықпалдастықты нығайту, жастардың бастамалары мен жобаларына қолдау көрсету, сондай-ақ диаспоралық және діни саясат бағытында жоспарланған шаралар туралы баяндады. Бұл туралы Президенттің баспасөз қызметі хабарлады.

Қ.Тоқаев Еріктілер жылының тиімді өткізілуіне, еріктілерге қолдау көрсетудің нақты институттарын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлуді тапсырды. Осыған байланысты қазір еліміз бойынша нақты жұмыстар басталды. Мемлекет басшысы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыруға азаматтық қоғамды тартудың, «Ашық Үкімет» қағидаттарын дамытудың маңызы зор екенін де айтты. Бұл орайда 18 ақпаннан бастап, «Ашық диалог» порталында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына көшу» тақырыбында сауалнама өткізіліп жатқанын айта кетейік. Сауалнама «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын тұрғындар қалай қабылдайтынын және жұртшылық тарапынан қандай ұсыныстар болатынын білу мақсатында жүргізіледі. Айта кетерлігі, тұжырымдаманың басты мақсаты – билік пен халық арасында нақты диалог орнату. Сауалнама «Ашық диалог» порталында 2020 жылдың 1 наурызына дейін өткізіледі.

Президент еліміздегі масс-медианы қолдауға бағытталған нақты шаралар қабылдау жөнінде тапсырма берді.

# ЖӘРДЕМАҚЫ ТАҒАЙЫНДАУ ҰСЫНЫЛДЫ

**Осы аптадағы Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында депутаттар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ана мен баланы қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын жұмысқа енгізді.**

Заң жобасы туралы Мәжілістің әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрайымы Гүлшара Әбдіқалықова айтып берді. Бұл заң жобасына Мәжіліс депутаттары Айгүл Нұркина, Зәуреш Аманжолова, Наталья Жұмаділдаева, Жанат Омарбекова және Сенаттан Серік Бектұрғанов бастамашы болды.

Заң жобасы Мемлекет басшысының еліміз азаматтарын ұрыс-қимыл аймақтарынан қайтару, сондай-ақ көпбалалы отбасыларға әлеуметтік қолдау көрсету жөнінде шаралар

қабылдау туралы тапсырмаларын орындау аясында әзірленді. Жобада сегіз және одан да көп баласы бар отбасыларға әр балаға шаққанда 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жәрдемақы тағайындау ұсынылып отыр.

Гүлшара Әбдіқалықованың айтуынша, білім мен ғылым саласындағы өкілетті органға терроризм өршіп тұрған аймақтардан келген адамдарды, отбасыларды әлеуметтік оңалту мен радикалды көзқарастан арылту мәселелері жөніндегі құзыретті бекітіп беру көзделеді.

Заң жобасымен 4 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Оны іске асыру теріс әлеуметтік-экономикалық әрі құқықтық салдарға әкеп соқпайды. Комитет заң жобасын жұмысқа алуға және сол бойынша 2020 жылғы 24 маусымға дейін мерзімде қорытынды әзірлеуге дайын.

## Әлеумет.t⁰

# ӘУЕЛІ ІС, СӨЗ СОДАН КЕЙІН

Геологтар дабыл қақты. Жаңа кен орындарын тауып іске қоспаса, қазба байлығымыз 10-15 жылдан соң сарқылады екен. Әсіресе, мыс пен мырыштың қоры азайыпты. Бұл тіршілігі сол шикізатты өндіретін немесе өңдейтін алып кәсіпорындармен тікелей байланысты шағын қалаларды алаңдатпай қоймайды. Сондықтан мамандар жеңіл өнеркәсіп секілді тасада қалған геология жүйесін жандандыруды сұрайды. «Қара алтын» кеніштерінің қайсыбірі «қартайғаны» мәлім. Осыны ескерген ұлттық компаниямыз *(ҚазМұнайГаз)* жаңа кен орындарында геологиялық барлауға және өндірістің тиімді тәсілдерін енгізуге айрықша назар аударып отыр. Нәтижесі де жаман емес. Өткен жылы ел тарихында тұңғыш рет 90 млн тонна қара май өндірілді. Отандық мұнай өнімдері өндірісі дұрыс жолға қойылып, жыл сайын көктем мен күзде қайталанатын «бензин безгегінен» құтылдық.

Қазба байлықтың өзге түрлеріне де осындай көзқарас керек боп тұр. Себебі, шикізаттың түбі бір таусылатыны немесе базардағы бағаның құбылмалы екені әркімге белгілі. Түрлі түсті металды сол күйінде шетелге жөнелте бермей, өзімізде кәдеге жаратып, тым құрығанда, ыдыс-аяқ жасайтын кішігірім кәсіпорын салынғанда Қытай базарына жүгірмес едік. Орта дәулеттілер көбейіп, жұмыс орындары ашылар еді. Экономиканы диверсификациялауға *(әртараптандыру)* кіріскен едік біраз жыл бұрын. Қарапайым заттар шығаруды қолға алмақшы еді үкіметіміз. Еңбек адамын, кәсіп етіп, нәсібін көргендерді дәріптеу керектігін айта бастап едік. Бірақ бүгінгі әңгімеміз демократия, хайпшыл популизм, әлеуметтік желі төңірегінен аспай жүр. Карл Маркс сананы тұрмыс билейтінін тап басып айтқан. Мықты деген мемлекеттің бәрінде алдымен экономика, содан кейін демократия. Америка мен Еуропаның қуатты экономика арқасында ғана демократия отанына айналғаны әмбеге аян.

Қазба байлығы жуық арада сарқылмайтындар жайбарақат отырған жоқ. Мұнайға бай араб елдері әлемдік туризм орталықтарының біріне айналып келеді. Қаржыны орынды жұмсап, спорт ғимараттары мен демалыс орындарын ашып жатыр. Тіпті, қар әкеліп, сырғанаушыларға жағдай жасап қойған. Алысқа бармай-ақ қояйық, терістік көршіміз ішкі туризмді көсегесін көгертіп отыр. Мұны жуырда Сочиде өз көзімізбен көрдік. Алпауыт компаниялар мен ірі кәсіпкерлердің қаржысына Олимпиадаға деп қысқы спорт нысандары салынды. Қазір Ресейдің түкпір-түкпірінен шаңғы тебу үшін сол маңға ағылған демалушыларда есеп жоқ. Көбі Сібірдегі кәсіпорындардағы кәсіподақтың арзан жолдамасымен келген жұмысшылар. Жазда Қара теңізге шомылуға келетіндер бұдан көп көрінеді. Қазба байлығы жоқ Грузияда соңғы 25 жылда 3 тау шаңғысы орталығы ашылды. Бәрі мемлекет қаржысына салынған. Демократияшыл грузиндер «Табиғат жойылды» деп аттан салып, көшеге шықпады. Қысқы туризм қазынаға табыс әкелетін маңызды секторға айналды. Ал біз әлі күнге дейін Көкжайлаудан үркіп жүрміз...

**Срайыл СМАЙЫЛ**

## 1+3

**Дариға НАЗАРБАЕВА,** *Сенат төрайымы:*

«Қандай мәселелерді қарастырсақ та, бақылаудың жоқтығына кеп тірелетін келеңсіздікті көреміз. Электр энергиясының сапасына мемлекет жауап бере алмай отыр. Бақылау жоқ. Кәсіпорын заң мен нормативтік-құқықтық актілерді адал орындауы үшін мониторинг жасау керек. Реттеу құрамы да жоқ. Шығын атаулы бәріміздің қалтамыздан төленеді. Төлемақы қағазы келгенде ойланбастан төлей саламыз».

**Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД,** *Сенат депутаты:*

«Аймақтарда жұмыс істегендер бұл мәселелердің қалай пайда болғанын жақсы біледі. Инвестор келеді де, бүкіл аймақтық желіні меншікке сатып алады. Әйтсе де оған ақша салуға өзінің мүмкіндігі болмайды. Әкімдіктердің де қолынан келмейді. Өйткені, олардың меншігі емес. Осындай жағдайда иесіз желілер пайда болады».

**Серік БАЛҚЫШЕВ,** *«Астана аймақтық электржелісі компаниясы» басқарма төрағасы:*

«Сыртқы электр желілері иесіз қалады, оларға тиісті қызмет көрсетілмейді әрі күзетілмейді, соның нәтижесінде қосалқы стансалардың жабдықтары бұзылады әрі істен шығады. Мұндай желілердегі апаттар тұрғын үй кешендеріне электр беруде үзілістерге душар етеді. Ол тіршілікті қамтамасыз ету жүйелеріне, әсіресе жылыту кезеңінде өте қолайсыз әсер етеді».

## Аптаның ұсынысы

**Нарине МИКАЕЛЯН,** *Мәжіліс депутаты:*

*«Азық-түлік өнімдері егістіктен сауда орнына келгенге дейінгі орта жолда 2-3 есе қымбаттайды. Ал саудагер базарда оны 50-60 пайызға өсіреді. Одан бөлек, қосымша қызметін (тазарту, жарнама, сөреге жеткізу) сылтауратып 30 пайыз қосады. Асылы, бұл саудагердің шығыны болуы тиіс. Шетелдік тәжірибеге сүйенсек, Германияда сатушы көтерме бағамен 2 пайыз, ал саудагер 10 пайыз ғана қосып сату заңмен бекітілген. Мұндай міндеттеме Қырғызстан мен өзге де мемлекеттерде бар. Сондықтан біздегі сауда қызметін реттеу туралы заңға өзгеріс енгізуіміз керек».*

## Инфографика

### ДӘНДІ-ДАҚЫЛДЫҢ ЭКСПОРТЫ 2019

| БИДАЙ | тонна | Түскен қаржы/доллар |
|---|---|---|
| *Өзбекстан* | 2,2 млн | 372,2 млн |
| *Тәжікстан* | 1 млн | 197,8 млн |
| *Қытай* | 425,5 мың | 91,4 млн |
| *Ресей* | 293,9 мың | 43,3 млн |
| *Ауғанстан* | 292,9 мың | 56,9 млн |
| **АРПА** | | |
| *Иран* | 1,4 млн | 266,1 млн |
| *Өзбекстан* | 49,1 мың | 7,6 млн |
| *Ресей* | 44,6 мың | 7,9 млн |
| *Қытай* | 35,1 мың | 6,6 млн |
| *Біріккен Араб Әмірліктері* | 23,6 мың | 7,5 млн |
| **КҮРІШ** | | |
| *Тәжікстан* | 33,7 мың | 8,8 млн |
| *Өзбекстан* | 26,5 мың | 7,5 млн |
| *Ресей* | 20,2 мың | 4,9 млн |
| *Украина* | 6,6 мың | 1,7 млн |
| *Түркіменстан* | 1,5 мың | 1 млн |

*Дереккөзі: stat.gov.kz*

## Аптаның сауалы

**Сәбит ДОСАНОВ,** *жазушы:*

***– Алматының экологиясына зиян келтіріп жатқан түтіннен қалай құтыламыз, газдандыру жұмысы жүре ме?***

## жауабы

**Бақытжан САҒЫНТАЕВ,** *Алматы қаласының әкімі:*

***Олардың («Самұрық-Энерго» компаниясы өкілдері-ред.) айтуынша, қалаға газ келсе, тариф қымбаттайды. Оған халық дайын ба? – деп сұрайды. Қазір қалада жолақысы – 80 теңге. Басқа дүниелер қымбаттаса да, біз тұрғындарымызға бюджеттен ақша бөліп, осындай жағдай жасадық. Керек болса, газ мәселесіне де осындай қадамға баруға дайынбыз. Газдандыру жұмысын бастаймыз.***

Ашық әңгіме

**Өткен аптада Алматыдағы Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрынан шу шықты. Дау-дамайдың ортасында жүргендер – өнердің өз өкілдері, елге белгілі тұлғалар. Олардың бұлайша даурығуына не себеп болды? Осы орайда әртістерді жік-жікке бөлген мәселені біз де зерттеп көргенбіз. Сырттай қараған кісіге сұлу өнердің тамырына түскен құрт тереңге кетіп қалған сияқты. Бүгінгі сұхбатымызды театр сахнасынан тыс айтылатын түйткілдерден бастадық. Қонағымыз – театр сыншысы Айзат Қадырәлиева. Қазақ театр өнерінің сын-садағы болған марқұм Әшірбек Сығайдың шәкірті. Жас сыншымен сұхбатымыз да білімді де білікті ұстаз Әшағадан басталды.**

## Айзат ҚАДЫРӘЛИЕВА:

# ТУЛАҚТАН ТҰЛПАР ШЫҒАРҒЫСЫ КЕЛЕДІ

**Jas qazaq:** Айзат ханым, сізді Әшірбек Сығай ағаның шәкірті ретінде білеміз. Әшекең көзі тірісінде театр төңірегіндегі ғана емес, қоғамдағы кез келген түйткілді тақырыпқа араласып, өз пікірін ашық айтып тұрушы еді. Ұстаздан шәкіртке сол мінез, сол тәрбие дарыды ма?

**А.Қадырәлиева:** Дұрыс айтасыз, албырт жасынан бастап кешегі күнге дейін қазақ театрында сыншы Әшірбек Сығайдың назарына ілінбеген бірде-бір өнер туындысын табу қиын. Театрдың табалдырығынан төріне дейін зерттеген Әшірбек Төребайұлы ортақ өнер жайлы, күнделікті мәселелер туралы ашық, өткір пікір айтудан қол үзбей келді. Жалпы, сын – театртану ғылымындағы күрделі жолдың бірі, яғни өнер салаларының ішіндегі ең қиын жанр екені жұртшылыққа белгілі. Бірақ қанша азапты сүрлеу болса да, мұны қиып тастағысы келмеген сыншы ағаның жолын соңына дейін апару біздің де міндетіміз шығар. Сын театр қозғалысының шаңында қалып немесе оның қанжығасында байланып қалуына хақы жоқ деп ойлаймын. Әрине, көркемдік жағынан дамуымызға көшбасшылық пікір айтудан жалықпай өткен ең беделді де «дуалы ауыз» сыншымыз Әшірбек Сығайдың орны қатты білінуде. Ұстаздың өмірлік ұстанымы – әрқашан да адал болу, шындықты айту еді. Сондықтан жалған сөз, жалған сезімнен бойымды аулақ саламын.

**Jas qazaq:** Мұны сұрап отырғаным – Әкем театрындағы соңғы жағдайды естіп жатқан шығарсыз? Жалпы шығармашылық салада басшыларды жиі ауыстыру, «ауыстыру» үшін ауыстыру немесе қажеттілік болмаса да ауыстыру деген сияқты «командалық» жүйе белең алып бара жатқаны анық. Басшылықтың жиі ауысуы шығармашылықты тоқыратпай ма? Мәселен, әр директор өзінің режиссерін шақырады, өз драматургінің шығармасын қояды, өзінің әртістеріне рөл береді дегендей.

**А.Қадырәлиева:** Естідім. Бұл кеше туып, бүгін басы қылтиған аз күннің проблемасы емес, жылдардың шаужайына жабысып келе жатқан олқы тұстарымыздың бірі. Бұл итжығыс Ә.Мәмбетовтың кезінде де, Т.Жаманқұловтың тұсында да болған. Соларды көрген Әшірбек Сығай «Бас театр бабында ма?» деген көлемді сыни мақала жазған болатын. Енді сол үлкендердің жіберген қателігін бүгінгілер неге жарысып қайталап жүргендеріне қайранмын. Оқымай қалған емес, оқыған, қалталарында күректей-күректей дипломы бар. Онда мұндай жағдайдың орын алуының себебі неде? Себеп біреу-ақ. Театрдың басқару жүйесі дұрыс жолға қойылмаған. Осы бас театр мемлекетке қарайды, мемлекеттен қаржы алады. Бүкіл ішкі-сыртқы күнкөрісін мемлекет мойнына алған соң театрдан есеп алып отыруға тиіс қой. Сол театрдың басына соңғы бес жылда екі-үш бастық келді. Тірліктеріне қарап, мемлекетке қарайтын өнер кәсіпорны болғанымен, шығармашылық жұмыс тәсілі бір-екі адамның қарауындағы жекеменшік серіктестікке көп жағдайда ұқсап кетіп жатты. Солардың ішінде С.Әбдіқалықов меніңше директордың міндетіне кіретін тірліктен аса қаша қойған жоқ. Актерлердің әлеуметтік жағдайына, жалақысына, жалпы администраторлық жағына көңіл бөліп келе жатқан адам еді. Неге оны алуға асығып жатқан себептері түсініксіз?! Ал шығармашылық жағына көркемдік жетекші көбірек жауапты. Қазір бәрі жеке бастағы келіспеушіліктерін театрдың мүддесінен жоғары қойып кетті ғой. Маған сол театрда ақыл айтатын, кеңес беретін, жол сілтейтін ақсақал жоқ секілді болып тұрады. Бар болса, дәл осы күйге жеткізер ме еді?! Алматыға жолым түсіп, театрға соққан сайын академиялық мәртебесіне лайық ауқымды жұмысты көре алмағандықтан, тақымға басса серке түгілі, атанды да талқандайтын азғантай ғана таланттыларды обалсынып қайтатыным рас.

***Олар «қорғау» сөзін желеу қып, театрдың ішін аяқ алып жүргіссіз лаңға толтырып, топ құрып, тобылғы жиып, ши түгендеп, әріптестерінің арасына от салып, бірді-бірге айдап салып дүрліктіріп жүреді. Бұл театрды қорғаудан гөрі қорлауға көбірек ұқсайды. Ал сол қорлауға, қорлануға мүмкіндік беріп жүрген кімдер десеңіз, мен ойланбастан артистер қауымын айтар едім.***

**Jas qazaq:** Бізге әлдебіреулерді қолдайық, қорғайық деген ойдан аулақпыз. Алайда Әкем театр сияқты қарашаңырақты «майдан алаңына» айналдыру кімге тиімді?

**А.Қадырәлиева:** Өкінішке қарай, біздің театрларымыздың біразындағы дау-талас негізінен, шығармашылықтан гөрі жекелеген адамдардың мінезінің жараспауынан басталады да, келе-келе өршіп, топшылдық, жікшілдік дертіне ұласады. Мұндай кикілжің кейде театрда таза шығармашылық атмосфераның жоқтығынан туындаса, кейде дәл осындай орынсыз айтыс өнер ордасының жүйкесін жұқартып, жанын жеп, келе-келе театрды шығармашылық тоқырауға, азғындауға әкеліп соқтырып жатады. Сосын бізде «қорғау» сөзінің астарын түсінбеушілер көбейді. Олар «қорғау» сөзін желеу қып, театрдың ішін аяқ алып жүргіссіз лаңға толтырып, топ құрып, тобылғы жиып, ши түгендеп, әріптестерінің арасына от салып, бірді-бірге айдап салып дүрліктіріп жүреді. Бұл театрды қорғаудан гөрі қорлауға көбірек ұқсайды. Ал сол қорлауға, қорлануға мүмкіндік беріп жүрген кімдер десеңіз, мен ойланбастан артистер қауымын айтар едім.

Күрмеуі қиын күрделі заманда ән айтып, би билеу қазір өнер адамдары үшін аздық етеді. Олардың бойында талантымен қоса, азаматтығы басым болу керек. Актер – ойшыл адам. Ал ойшыл адам қашан да өз заманының күрделі проблемаларынан тыс қалмауы керек. Қанша байқаймын, «мен актермін, мен режиссермін» дегендерге сергектік, зеректік, заманына өз үнін қосып отыру, өз уақытының күрескері болу қасиеті жетіспейді. «Біздің шыққан биігіміз мынадай да мынадай...» деп жеткен жетістігін айтып, тоқмейілси бергеннен гөрі, кемшілікті айта отырып, театрды тоқырауға ұшыратқан себептердің бетін ашып, ойын, пікірін неге айтпады? Сол іште болып жатқан қитұрқы тірлікті лездемеде айтуларына кім кедергі? Бәрі бір ауыздан бас көтерсе, көпке кім қарсы тұра алады? Соларың неден қорқатынын білмеймін, әйтеуір үндемейді. Оған көбісінің өресі жетпесе, кейбірі рөл бермей қояды деп тайқақсиды-ау. Таудың тасын байлап алғандай басы салбырап отырады да, ал шыққан соң күбір-күбір әңгіме басталады. Бәрін айт та бір айт, өзінің ғасырға жуық шығармашылық ғұмырында қаншама өнер адамдарының жұлдызын жаққан бас театрға көп өзгеріс, едәуір ізденіс керек. Талғам, қиял, еңбек, намыс, барлық жағынан биік тұру қажет. Себебі ол – Мұхтар Әуезов атымен аталатын қазақ театр өнерінің қарашаңырағы.

**Jas qazaq:** Жалпы қазақ театрларының қазіргі шығармашылық жағдайы қалай? Мұны сұрап отырған себебім, былтыр қара күзде Атырауда өткен Рахымжан Отарбаевтың театр фестивалінде сіз фестивалге келген театрлардың кемшілігін санап тұрып айттыңыз. Ескертудің бір емес, бірнеше рет жасалғанын, кемшіліктің сонда да түзетілмегенін айттыңыз. Неге? Сыншыны елемеу ме, әлде құлықсыздық па?

**А.Қадырәлиева:** Әшірбек Төребайұлының бір жақсы сөзі бар еді «Сын естімеген адам, жауын көрмеген жер сияқты» деген. Шөлдеген адамның ернін білесіз ғой кеуіп, кезеріп кететінін. Солай деп бейнелі түрде айтсақ та, сонда да кірпідей жиырылуымызды қоймаймыз. Айтылған айтылған жерде қалып жатыр. Иә, әр фестиваль әртүрлі өтіп жатады. Жасырары жоқ, түрлі жанрды көру үстінде қуану, қынжылу процесі қатар жүреді. Ол қалыпты жағдай. Ең бастысы, соны қазылар мен сарапшылар барды бар, жоқты жоқ деп айта алуларында. Кейде аттың басын бұрып та, арасында ат үсті айтылатын пікір де жоқ емес. «Ат үсті» деп жатқаным, көбінде көп нәрсені жасырып қалады. Әсіресе жастардың жұмысына келгенде. Меніңше, ол дұрыс емес. Әлі жас қой деп, олар жіберген көп жайтқа көз жұма қарай берсек, онда театр көңілге көпшік қоятын орынға айналары сөзсіз. «Жігітті жылы сөз ширатпайды, сын ширатады» деп Әуезов айтқандай, жастарды сауатты сынға жұмыс істеуге үйретуіміз керек. Мәселе мына мизансценаны былай қой деп нұсқауда емес, ақыры сарапқа түскен соң спектакльдің сапасы туралы талдаудың терең әрі ашық жүруінде. «Тұрып алып ақыл айтпайықшы» деп айтылған, айтылуға тиіс пікірді «ақыл айту» деп түсіндірудің қажеті жоқ. «Керек болса, дәл солай өзің қойып, ал немесе ойнап ал» деген түсінікті қалыптастырар болсақ, онда қазылар алқасын ұйымдастырудың қажеті қаншалықты?! Кейде осындай ұғым-нанымның кесірінен сыншыны елемеуге немесе құлықсыздыққа апаратын шығар.

**Jas qazaq:** Жастар мен аға буын өнер адамдарының арасындағы сабақтастық қай деңгейде? Өмірден өтіп кеткен өнер қайраткерлерінің естелік-сұхбаттарын оқып отырсаңыз, бұрын аға буын мен жастар арасындағы қарым-қатынас үзілмейтін алтын арқау сияқты айтылады. Қазір басқаша сияқты ма қалай? Жастар кейде қызды-қыздымен мемлекеттік сыйлық иегерлеріне де қарамайды: беттен алып, төске шауып жатады. Қарияларымызға да жаның ашиды: театрдың ішіндегі ұсақ-түйек әңгімені теріп отырғандары...

**А.Қадырәлиева:** Жанды жеріме тиіп отырсыз. Осы жағдайды ойлап өзім де жиі күйзеліске түсемін. Себебін іздеймін. Меніңше, егде, аға буын өкілдерінен кетіп жатқан кінәрат сияқты. Өйткені, «тәйт» деп обал-сауапты айтып отырмағаннан кейін әлбетте жастар өз еркімен кетеді, білгенін істейді. Мысалы, кез келген театрда босқа жүрген адамдар бар. Осыған байланысты, үш немесе бес жылда бір өтетін аттестация болады, сол комиссия мүшелерін өз іштерінен сайлай салады немесе театрға жиі келе бермейтін жоғары жақтан біреу отырады. Мейлі кім отырса ол отырсын, бірақ сол аттестацияның қорытындысы бойынша мына актерлер жұмыстан шықты, я болмаса қатаң ескерту алды дегенді естімейсің. Тазалау жоқ. Ал кейіпкерлер мінез-құлқын ажырата білмейтін шала сауатты актерлер қанша ма? Яғни «Актерлік өнерді» арнайы тәмамдағанымен, сол мамандығын дөңгелетіп алып кете алмай жүргендер көп. Театрдың ішінде жүрген үлкендер сол тулақтардан тұлпар шығарғылары келеді. Жастарды қолдау керек деген түрімізбен желсіз күні шаң боратар рухсыз ұрпақ тәрбиелеп жатқанымызбен ісіміз жоқ. Тізесі жерге тимей, маңдайы күнге күймей, жүйрік атанып жүрген жабыларды қолдай бергеннен, әрине, сосын олар беттен алып, төске шабады. Талантты сақтаудың жалғыз жолы мақтау деп ұғынуды қою керек. Қысқасы, бүгінгі күннің тағы бір талабы – театр ұжымын санына қарап емес, сапасына қарай жасақтау.

Бұған тағы қосарым, театрлардың өз ішінен көркемдік кеңесті құруды да доғару керек. Менің білуімше, бұл кеңес театр директорының немесе көркемдік жетекшінің бұйрығымен бекітіледі екен *(директор көркемдік жетекшінің міндетін қоса атқарса, бұл билігі, тіпті күшейеді)*. Олай болса әлбетте, сол мүшелерінің не өзі, не сөзі ұнамай қалса, екі бастықтың бірі кеңесті тез таратып жіберіп, жылдам жаңа құрамын құра салады. Әрегідік пікір айтқан адамды әріге итере берсе, басқалары шынайы пікір айтады дегенге сену қиын. Сондықтан, директорға да, басқаға да бағынышты болмайтын тәуелсіз сарапшылар тобын құру керек. Бөлінген ақшаға қойылған спектакльдің сапасы сай ма? деген сауалмен қайта-қайта талқылау өткізу керек. Жаңа премьераларды қабылдаудың талабын барынша күшейту керек. Өйткені, сәтсіз шыққан спектакль екі-үш рет жүргеннен кейін түсіп қалып жатады немесе сахнада жүргеніне көп бола қоймаған тәуір қойылымды репертуардан алып тастай салады. Тағы да айтамын, соларға ақша бөлінді ғой. «Бұл қалай болды?» деп ешкім ештеңе сұрамайды. Ешқандай жауап жоқ. Мұның өнерге қаншалықты зиян екенін түсінген басқа елдер мұндай сорақылыққа жол бермейді.

**Jas qazaq:** Өнер адамына қай заманда да білім мен ізденіс серік болған. Қазақ театрының бұрынғы майталмандары екі сөзінің бірінде тынбай ізденгенін, еңбек еткенін айтатын. Қазіргі кітап оқымайтын қазақ қоғамының рухани деңгейін қалай бағалайсыз?

**А.Қадырәлиева:** «Ақирет жақындағанда білім-ғылым жолында жүрген ізденушілердің ізі біртіндеп жойылып, жер бетін білімсіздер жаулайды» деген сөзді оқып едім. Қазір қарап отырсаңыз, білемін деушілер көп. Ал білген сайын білмегендігі көп екенін сезінетіндерді сирек кездестіресіз. «Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік» деп Ғабит Мүсірепов айтқандай, расында да кітап - сенің оқып түсіну мен түйсінуге, алған әсеріңді өмір қажетіне жаратуыңа үлкен жәрдемші екен. Қазір мына ғаламтор деген біздің ойлау деңгейімізге кері әсерін тигізіп келеді. Соның салдарынан, астымыздағы атымыздың тізгінін өзіміз ұстай алмай жүрміз. Көп жағдайды жүгеніміз жүрген жерде қалып, тізгініміз әркімнің қолында кетіп жүр. Содан барып делқұлы адамның тірлігін жасаймыз. Сосын одан өзімізді ақтап алу үшін себеп-салдарын өзгеден іздейміз. Қазір қиянатын тия алатын, қылығынан өзі ұялатын кісі азайып бара жатыр ғой. Сөзі мен ісі сәйкес келмейтін пенделерің сұлу сөйлеуге де шебер ғой. Құрғақ ақылдан халық жалықты. Құрғақ ақыл – қатықсыз көже сияқты. Сондықтан жақсылыққа үлгі көрсетіп жетпесең, уағыз айтумен жету қиын.

**Jas qazaq:** Әңгімеңізге рахмет, Айзат!

**Жарас КЕМЕЛЖАН**

4 NARYQ
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

Серіктестік

# ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

**Мемлекет және жекеменшік әріптестікті дамыту. Бұл «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауда айтылған. Жетісу өңірі осы бағытта нәтижелі жұмыс істеуге тырысуда. Ол үшін инвестор тарту жұмысы белсенді жүргізіліп жатыр. Жалпы 2020 жылға дейін Алматы облысында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде құны 56,6 млрд теңге болатын 66 жобаны жүзеге асыру көзделген. Қазіргі таңда өңірде бұл жоспардың дені орындалып, аймақ тұрғындары оның игілігін көре бастады.**

Былтыр мемлекет және жекеменшік әріптестік негізінде білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, спорт және энергетика салаларында жалпы сомасы 44,9 млрд теңгеге 15 шарт жасалды. Айталық, Қарасай ауданы Әйтей ауылында 1200 орындық мектеп салу, Қаратал ауданы Қожбан ауылындағы бастауыш мектепті пайдалануға беру жұмысы жалғасуда. Облыстық білім басқармасының ақпаратына сүйенсек, өткен жылы балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту деңгейін 100 пайызға жеткізу үшін 7529 орын санымен мектепке дейінгі 75 білім беру мекемелерін ашу жоспарланған. Оның ішінде 5250 орынды 65 мекеме жекеменшік балабақша бар.

Дегенмен, жыл сайын жаңа мектептер салынып жатқанымен, өңірде үш ауысымды мектеп мәселесі әлі де шешімін таппай келеді. Осы келеңсіздікті жою үшін облыста мемлекет және жекеменшік әріптестік негізінде білім ордаларын салу қарастырылуда. Заманауи талапқа сай қажетті техника және құралдармен жабдықталған үш қабатты, ауласымен қосқанда 10905,2 шаршы метр аумақты алып жатқан ғимараттың құрылыс жұмысын мердігер компаниялар жүргізуде. Нысанның салынуына 3,6 млрд теңге бөлінген. Мектеп ғимараты геометриялық пішіндес үш қабатты білім және галерея арқылы өтетін екі қабатты әкімшілік-спорттық бөліктен тұрады. Оқу ордасында сабақ барысында пайдалануға арналған шеберхана, кітапхана, киім шешу бөлмесі, 200-ден аса балаға арналған асхана, сонымен қатар әрбір спорт секциясына арналған киім ауыстыру бөлмесі, спорт және мәжіліс, әкімшілік және оқу бөлмесі бар. Сыныптың барлығы соңғы үлгіде әр пәннің оқытылу ыңғайына қарай жабдықталуда.

Қазіргі таңда өңірде кейбір сала мамандарына сұраныс көбейді. Облыстық білім басқармасы осы мәселені де мемлекет және жекеменшік әріптестік арқылы шешуді көздеп отыр. Сондай-ақ ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқу үрдісіне қосу және түзету жұмыстарын жетілдіруде білім басқармасы «Дара» қорымен бірлесіп, Іле мен Жамбыл аудандарында 2 коррекциялық кабинет және Жамбыл, Қарасай, Сарқан аудандарында 4 ресурстық кабинет ашу жұмысын жүргізуде. Бұл мақсатқа аталған қор ағымдағы жөндеу жұмыстары мен материалдық-техникалық жабдықтауға жеткілікті қаржы бөліпті.

Айта кетерлігі, өткен жылдан бері облыстық білім басқармасы мен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының облыстық филиалы бірлесіп, ең тиімді дуалды оқыту моделін енгізу жұмысын қолға алды. Қазіргі таңда дуалды оқытудың жол картасы жасалып, оның құрамына 34 колледж кірді. Бұл бағытта «Метакон», «ELKOS», «Глазман» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер дуальді оқыту негізінде серіктес колледждердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға қолдау көрсетуде.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасылық тәрбиеге орналастыру мақсатында екі жылдан бері «Жетісу –жетім балалар үйінсіз» жобасының жүзеге асырылып жатқанын да айта кеткен жөн. Содан бері аумақта отбасы үлгісіндегі 8 балалар үйі, 3 баланы қабылдаушы отбасы ашылып, 333 тәрбиеленуші отбасылық тәрбиеге берілді. Сондай-ақ 98 бала Алакөл, Балқаш, Ескелді, Кербұлақ, Панфилов, Ұйғыр аудандарындағы 52 патронаттық отбасыда тұрып жатыр. 2014 жылы өңірде 4 отбасы үлгісіндегі балалар үйі болса, былтыр оның саны 11-ге жетті. Жетімдер мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі нарықтық экономика жағдайында ерекше мәнге ие. Өйткені, баспанамен қамту жетім балаларды әлеуметтендіруге, олардың өмірден өз орнын табуына мүмкіндік береді.

Бұл жерде мемлекет және жекеменшік әріптестік бойынша тек білім беру нысандары салынып жатыр деген ұғым туындамауы керек. Мәселен, спорт, денсаулық сақтау, әлеуметтік ғимарат та бой көтеруде. Бұл да өңірдің өркендеуіне кедергі келтіріп отырған келеңсіздікті жоюға оң ықпал етуде. Соның бірі – Талдықорған қаласында салынып жатқан халықаралық талапқа сәйкестендірілген жүзу бассейні. Құрылысты жүргізіп жатқан «BAZIS-A» компаниясының өкілдері мұнда бетон және темір құрастыру жұмысының аяқталғанын, алдағы уақытта сыртын қаптап, ішкі әрлеу жұмысына кірісетінін жеткізді. Нысан биылғы жылдың соңына қарай бітеді. Алматы облыстық құрылыс басқармасы басшысының орынбасары Еркебұлан Әмешұлы: «Қалада салынып жатқан жүзу бассейні жекеменшік және мемлекеттік әріптестік арқылы бой көтеруде. Жобаның жалпы құны – 11 млрд теңгеге жуық. Бұл өте ауқымды жоба болғандықтан, облыстық құрылыс басқармасы тарапынан жиі тексеріп, қадағалап отырмыз. Қазір мұнда 200-ден аса адам, 40-қа жуық техника жұмыс жүргізуде. Жұмысшылардың дені – Талдықорған қаласының тұрғындары», – деп түсіндірді.

**Қажет АНДАС,**
*Алматы облысы бойынша меншікті тілші*

Мәселенің мәні

**Бердібек САПАРБАЕВ,**
*Жамбыл облысының әкімі:*

# ПИЯЗДАН БАСҚА ДӘНЕҢЕ ДЕ ЖОҚ

*(Басы 1-бетте)*

Яғни қалай біз жалақыны өз есебімізден көбейте аламыз?! Бұл жерде біз кәсіпорындармен, кәсіпкерлермен жұмыс істеуіміз тиіс.

Халық тарапынан наразылық бар, оқу жөнінде. Мысалы, неге былтыр 4 мың адам оқытылса, биыл 2608 адаммен шектелдік? Оған да талдау жасадық. Біріншіден, оқытқан адамдар жұмысқа орналаспайды. Екіншіден, кейбіреулер стипендия алу үшін 3-4 рет оқиды. Енді оқыту тек қана жұмыс берушілердің сұранысына қарай болады. Тапсырыс берді ме, оқытамыз. Олар оқуын бітірген соң барып жұмысқа орналасады.

Ең үлкен мәселе – білім сапасы. Өздеріңіз байқап, көріп отырсыздар, мемлекет білім саласы қызметкерлері үшін барлық жағдай жасады. Бірақ осының барлығы білім сапасын көтеруге өзінің әсерін тигізіп отырған жоқ. Мен әрдайым мұғалімдермен кездесемін, сонда үнемі айтып жүремін. Біз енді осыған көңіл бөлуіміз керек. Әсіресе, тәрбие мәселесі. Рухани тәрбие, ұлттық құндылықтарымызды сақтау жөнінде. Оның үстіне, Қордайдағы мынадай жағдайлардан кейін біз ойлануымыз керек. Одан кейін, мемлекеттік тілдің жүзеге асырылуы жөнінде айтқан болатынмын. Біз заңды мемлекетте тұрамыз, заңды мемлекеттің тұрғындары ұлтына қарамай, ол заңды орындауы керек. Мемлекеттік тіл жөнінде бізде заң бар, соны орындау керек.

Білім саласына қандай жағдай жасалса, денсаулық сақтау саласына да сондай жағдай жасалып жатыр. Бірақ, өкінішке қарай, біздің денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің мәдениеті өте төмен. Сана-сезімі, этикасы. Ол жөнінде де біз талай айтып жүрміз. Енді онымен жұмыс істеуіміз керек. Мен дәрігерлерге айтамын: «Сіздер Гиппократтың антын қабылдайсыздар, ешқандай бюрократия, ертең кел, менің ауруым емес» деген сылтау болмауы керек. Сіздің алдыңызға адам келді ме, сіз бірінші дәрігерлік көмекті көрсетуіңіз керек. Сондықтан, біз ең үлкен жұмысты осы салада жасаймыз.

**ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ:** *Қант қызылшасы туралы өткір мәселе көтерген аймақ басшысы жиыннан шығысымен тосын жағдайға тап болды. Меркі ауданынан арнайы келген кәсіпкерлер жергілікті қант зауытының директоры ақша бермек түгілі, телефонға да жауап бермейтінін айтты. Кәсіпорын шаруалардың адал еңбегі үшін көк тиын да төлемеген. Кәсіпкерлерді төрт айдан бері сандалтқан директор олардың миллиондаған теңгесін төлейтін сыңай да танытпай отырған көрінеді. Осы мәселе туралы Б.Сапарбаев: «Бұл зауыттың қарызы болғандықтан, зауыттың өзі өтеуі керек. Ақшасы болса болды, болмаса мүлкімен өтесін. Қазір соның бәрін зерттейміз. Сенбі күні сіздерге нақты не болатынын айтамын», – деді.*

Жасыл энергия

Елімізде «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» заң қабылданғанына 11 жыл болды. Ал 2013 жылы қабылданған «Жасыл экономикаға көшу туралы» тұжырымда осы заңды одан әрі негіздеп, баламалы энергияны пайдалану мүмкіндіктеріне жол ашты. Алайда қолға алынған шаралардың барлығы біз ойлағандай болмай тұр. Сондықтан мәселеге бей-жай қарауға болмайтынын ескерген еліміздегі Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму бағдарламасының өкілдері энергияны үнемдеу және жаңартылған энергия көздері саласындағы жобаларды іске асыру үшін жеке кәсіпкерлерге қаржылай көмек көрсетуге байланысты жиын өткізді.

# МҮМКІНДІК БАР, ЫҚЫЛАС АЗ

Елордада өткен «ЭКСПО» көрмесі «Болашақтың энергиясы» тақырыбына арналғаны белгілі. Бұл «Жасыл экономикаға көшу» тұжырымдамасына дем беруі тиіс еді. Бірақ қазірге дейін атқарылып жатқан шаралар біз күткендей болмады. Баламалы энергияны пайдалануға ұмтылыс аз. Себебі жел стансасы да, күн табақшасы да қымбат. Оған қызмет көрсететін маман, қосалқы бөлшек тапшы. Әрі үнемі жұмыс істейтін құрылғыға күш түскен жағдайда істен шығуы мүмкін. Сол себепті шаруа қожалықтары, фермерлер, жекелеген азаматтар бұл салаға күдікпен қарайды. Ал жұрттың жаппай ынтасын ояту үшін «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» заңға өзгеріс енгізу керек.

Қысқасы, арзан әрі тиімді делінетін қосымша энергия көзіне көзқарас нашар. Қымбат электр қуатын халық әлі күнге пайдаланады. Үнем мәселесіне келгенде де үнсіз қаламыз. Айталық, бүгінде елімізде коммуналдық инфрақұрылымның тозуы 65 пайызды құрайды. Соның салдарынан энергияның – 16, жылудың – 20 және судың 60 пайызын жоғалтамыз.

Қазір аймақтарда жел мен күн сәулесінен қуат алатын жүзден аса шағын кешен орнатылған. Дегенмен, игілігін көріп отырғандар соншалықты көп емес. Мұны Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму бағдарламасының менеджері Сырым Нұрғалиев былай түсіндірді: «Елімізде баламалы қуат көзін пайдалану көрсеткіші әзірше 3 пайыз шамасында. 2050 жылы осы көрсеткішті 50 пайызға жеткізу керек. Бұл оңай шаруа емес. Баламалы энергия желден, күннен, өзен суынан өндіріледі. Оның ішінде атом энергиясы да қарастырылған. Бірақ тиісті заңға өзгеріс керек».

Кәсіпкерлер жел бағанасын немесе күн сәулесі табақшасын орнатқысы келсе, олар аукционға қатысуға міндетті. Кім тұтынушыға арзан баға ұсынса, сол қалаған жерінен қуат өндіретін кешен сала алады. 15 жылға жасалатын келісімшартта кәсіпкерге оңтайлы жағдай қарастырылыпты. Мысалы, әр кВт/сағат энергияны 29 теңгеден сату ұсынылса, сауда барысында көрсеткішті 12 теңгеге дейін түсіретін кәсіпкерлер бар екен. Алайда 15 жылға арналған шарт біткен соң, бағаның өзгеруі әбден мүмкін.

Осы орайда шетелдіктердің тәжірибесіне назар аудару қажет. Дегенмен, шаруаны 4-5 жыл бұрын ғана қолға алған еліміз басқалармен бәсекелесе алмайды. Қазір Қарағанды, Жамбыл, Алматы, Түркістан және басқа да облыстарда ондаған күн және желден қуат алатын кешен жұмыс істейді. Өкініштісі, жекелеген азаматтар, тіпті заңды тұлғалар да қосымша қуат көзін өз бетінше орната алмайды. Себебі заңнан басқа да тиімсіз жағдайлар бар. Айталық, кәсіпкер жекеменшігіндегі кешенде артық өндірілген қуаттың 100 киловатын ғана сата алады. Оны сатып алуға энергия жинақтаушы орындар арзан баға ұсынады. Артық энергияны жинақтау, сақтау мүмкіндігі жоқ. Бұл туралы энергетика және байланыс институтының кафедра меңгерушісі Тергемес Қажыбек: «Шағын электр кешендерінің саны аз, жұмыс шамалы. Жасыл экономикаға көшудің тиімділігін насихаттайтын жарнама жоқ. Астанада отандық бір компания қуаттағыш табақша жасайды. Франциядан жеткізілген құрал-жабдықты құрастырып, тұтынушылардың тапсырысына байланысты сатады. Бұл енді отандық өнім деуге келмейді. Табақша 225-тен 265-ватқа дейін энергия өндіреді. Сату бағасы қуат өндіруіне байланысты: 1 кВт/сағат 150 теңгеден есептеледі. Жалпы, құрал-жабдық қымбат», – дейді.

Электр қуатына сұраныс жыл өткен сайын артуда. Әсіресе оңтүстіктегі тұрғындар үшін бұл түйінді мәселе. Бір мысал: Сұранысты азайту мақсатында Түркістан облысының Сарыағаш ауданындағы Жылға ауылында қуаты 20 МВт күн электр стансасы салынған. 13,2 млрд теңгеге бағаланған жоба осы өңірдегі қуат көзін шешуге септігін тигізді. Ал Шығыс Қазақстан облысының Зырян ауданындағы Тұрғысын өзенінде гидроэлектр стансасы бар. Бұл аудандағы электр қуатына деген сұраныстың 23 пайызын жабады.

2030 жылға дейін электр энергиясын өндіру саласында жаңғыртылған қосымша баламалы энергия көзін пайдалануды 10 пайызға арттыру басты мақсат болып тұр. 2050 жылы бұл көрсеткіш 50 пайызға жетуі керек. Ал қазіргі қарқынмен міндеттемелердің қаншалықты орындалатыны белгісіз.

**Жолдасбек ДУАНАБАЙ**

**Иман айнасы**

**Адамға дінді жеткізудің бірден-бір жолы – уағыз. Бұл ретте имам айтатын насихатын тақырыптан ауытқымай, жан-жақты, терең, мазмұнды әрі шешендік өнермен байытып, түсінікті етіп жеткізу керек.**

**Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының маңызды жұмыс бағыттарының бірі – деструктивті діни ағымдарға алданған азаматтарға түсіндіру жұмысын жүргізу. Осы бағытта еліміздегі күрделі діни аймақтар анықталып, мемлекеттік мекемелермен бірлесе отырып, ауқымды іс-шара жүзеге асты. Жат ағыммен жұмыс үш бағыт бойынша жүргізіліп келеді. Олар – жалпы кездесу, жеке сұхбат және әлеуметтік желімен жұмыс. Адамның теріс діни көзқарасын оңалту оңай емес. Ол уақыт пен жүйелі жұмысты талап етеді. Жеке түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде өткен жылы 520 адам райынан қайтты.**

# РАЙЫНАН ҚАЙТҚАНДАР КӨП

Жұма уағызын айтудың жаңа үлгісі қалыптасты. Тек діни уағыз ғана емес, қазақтың салт-дәстүрі, ақын-жыраулар мен би-шешендеріміздің, қоғам қайраткерлерінің пәтуалы сөзі уағыз барысында кеңінен насихатталуда.

Жастар арасында діни экстремизм мен радикализм идеясы таралуының алдын алу, шетелдік діни оқу орындарында білім алып жүрген қазақстандық студенттермен жан-жақты жұмыс істеу мақсатында «Талаба» жастар қауымдастығы құрылды. Осы бағытта Түркияда оқып жатқан қазақстандық студенттермен кездесу өтті.

Осы ретте мына мәселеге тоқталғым келеді. Діндарлық пен діни радикализмнің аражігін ажырата алмай, қасаң қағидаларды қатаң ұстанып жүрген кейбір жастар қоғамда ислам туралы бұрыс түсінік қалыптастыруда. Бұл жерде екінші мәселе бар. Ол – баласының діни көзқарасына мән бермей жүрген ата-аналардың мәселесі. Бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі қашан да маңызын жойған емес.

Тағы бір басты мәселенің бірі – діни сауатсыздық. Қазір Аллаға шүкір діни сауат ашам деген адамға барлық мүмкіндік қарастырылған. Тіпті республикалық «Әзірет Сұлтан» мешіті жанынан Call-орталық ашып қойдық. Еліміздің кез келген тұрғыны өзін толғандырған діни мәселелер бойынша 33-30-30 нөміріне қоңырау шалып, толыққанды жауап алуда. Халық сұранысына орай, жауапты мамандар қазақ және орыс тілдерінде сұхбат жүргізіп келеді. Call-орталықтың тәулік бойы үзіліссіз жұмыс жасауы үшін Елорда мешітттерінің 60 діни қызметкері жұмылдырылды. Білікті мамандардан жасақталған топ арнайы кесте бойы кезекшіліктерін атқарып, тәуліктің кез келген уақытында келіп түскен қоңырауға жауап беруде.

Елордадағы 10 мешітте «Діни ақпарат беру орталығы» да келушілерге өз есігін айқара ашып отыр. Халық сұранысын қанағаттандыру мақсатында іске қосылған бұл жоба түрлі түйткілді тақырып бойынша (неке, талақ, несие, мұрагерлік, т.б.) кеңес сұраған жандармен көзбе-көз кездесіп, сұхбат құрады. Сөйтіп, сұрағына толыққанды жауап алады.

Жуырда Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы жанынан Call-орталық ашу туралы бастама көтердім. Өйткені, жыл өткен сайын ҚМДБ шығарған пәтуа мен бекіткен құжаттар қоғамда, әсіресе мұсылман қауымы арасында маңызды рөлге айналуда. «Бұған мүфтият қандай пәтуа берер екен?» деген пікір жиі айтылады. Діни басқарманың қоғам алдындағы беделі мен жауапкершілігін ескеріп, мүфтият жанынан Call-орталық ашуды тапсырдым. Бұл бастама халық пен діни басқарма арасында алтын көпір бола алады.

Кейбір азаматтар жеке мәселесін телефон арқылы немесе жеке кездесіп айтқысы келеді. Call-орталыққа кез келген уақытта хабарласып, толғандырған мәселеге байланысты жауап алуға болады.

2013 жылы дәстүрлі діни танымды, төл мәзhабымызды насихаттау мақсатында республикалық ақпараттық-насихат тобы (РАНТ) құрылды. Еліміздегі ең білікті дін мамандарынан құрылған бұл топ мұсылман қауымына дін насихатымен бірге ұлттық мәдени құндылықтардың маңызын түсіндіреді.

2013 жылдан бері РАНТ мүшелерінің тікелей атсалысуымен еліміздегі діни ахуалы күрделі аймақтарда діни оңалту шаралары жүргізілді. Осы ретте айта кетер жайт, ақпараттық-насихат тобына балама ретінде жергілікті ақпараттық насихат тобы құрылды (ЖАНТ). Оның негізгі бағыты – жергілікті аймақтық уағыз-насихат жұмысын күшейту, аудан-ауылдық жерлердегі діни ахуалдың тұрақтылығына үлес қосу. РАНТ мен ЖАНТ ақпараттық-насихат жұмысын жүргізеді. Соның ішінде негізгі жұмыс бағыты ретінде жат ағымды алдын алуға күш салуда.

Еліміздің барлық мешітінде жұма уағызы осыған дейін өзі таңдаған тақырып бойынша еркін түрде айтылса, уақыт өте жұма уағызын бір ізге келтіру заман талабына айналды. Білікті дін мамандары дайындаған тақырып бойынша еліміздегі барлық мешітте бір тақырып аясында жұма уағызын айту жолға қойылды. Жұма уағызының жинағы 3 кітап болып жарық көріп, қалың бұқараға жол тартты.

Бүгінде күнделікті бесін және құптан намазынан алдын жамағатқа бекітілген тақырып аясында уағыз айтуды жолға қойдық. Уағызды жаңа тәсілмен жеткізу мақсатында оны бейнетаспаға түсіріп, ғаламторға жүктеп, қалың бұқараға, әсіресе жастар көбірек қолданатын әлеуметтік желілерге таратып жатырмыз.

Шариғат және пәтуа бағыты – Діни басқарманың негізгі бөлімі, діннің ұстыны. Пәтуа – дінді қоғаммен жалғап, көркем түрде үйлестіретін, соған дәнекер болатын құжат. Пәтуа нұсқау түрінде жазылып, мұсылмандарға жария етіледі. Әрбір пәтуа халқымыздың рухани дамуы мен діни сауатын ашуға бағытталады.

Бүгінде пәтуа беру саласында бірізді жүйе қалыптасып, Орталық Азия елдеріндегі дін қайраткерлері ҚМДБ-ның қабылдаған діни қарарына, қаулысына, үндеуіне, пәтуаларына айрықша назар аударатын деңгейге жетті.

Бөлім діни сұрақ-жауаптың бір арнадан шығуын қамтамасыз ету мақсатында 2015 жылы www.fatua.kz сайтын іске қосты. Сайтта діни білімі жоғары тәжірибелі мамандар жұмыс істейді. Сұрақ қоюшылар саны жыл өткен сайын артып келеді. Мысалы, өткен жылы 5241 сұраққа жауап берілді.

2016 жылы қазақ тілінде «Пәтуалар жинағы» атты кітаптың бірінші томы, 2017 жылы орыс тіліндегі нұсқасы шықты. Онда 20 пәтуа қамтылды.

2018 жылы бөлім мамандарының әзірлеуімен «Жаназа және жерлеу рәсімдері» атты кітап шықты. 2019 жылы «Пәтуалар жинағы» атты кітаптың екінші томы шығып, оған 27 пәтуа енді.

2018 жылы Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының өкілетті мамандарымен болған келіссөздер мен өзара ымыра нәтижесінде діни мерекелерді бір күнде атап өтуге қол жеткізілді.

Бүгінде алысты жақындатып, жақынынды алыстатқан ғаламторға қатысты сұрақ та, мәселе де көп. Жалпы, ғаламтордан жақсыны да, жаманды да табуға болады. Дәстүрді танымымызға, ата сенімімізге селкеу түсіріп, алды саяси соғысқа аттанған жастарды арбау да көбіне осы интернет арқылы жүргені әмбеге аян.

Кейбір жастардың діни білімді ғаламтордан алу арқылы радикалды идеологияның ықпалына түсіп жатқаны жасырын емес. Бүгінгі таңда бүкіл әлем жұртшылығын алаңдатып отырған ДАИШ сынды жат идеологияның басты ақпарат тарату орны, ол – интернет. Түрлі сайттар мен форумдар, қала берді әлеуметтік желі арқылы дінге сусаған жастарды өз сапына тартудың басты құралы деп білетін лаңкестер интернет жетістіктерін тиімді пайдалануда.

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы интернет мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға аса мән беріп келеді. Осы мақсатта ғаламтор желісінде Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының ресми сайты – www.muftyat.kz іске қосылды.

2019 жылы Елордада өткен III республикалық имамдар форумы қарсаңында мүфтияттың төл «Мұнара» рухани-танымдық газеті оқырманға жол тартты. Айына 2 рет шығады. Рас, бүгінде адамның ой-пікірін бір арнаға бұруда бұқаралық ақпарат құралының маңызы артып келеді. Өйткені, болған оқиғаға әркім әр ракурстан қарайды. Оны өз деңгейінде қорытып, сараптайды. Алайда біз көп жағдайда ақпараттың бәрін ақиқат деп қабылдап, оны өзгеге тарата береді екенбіз. Ал Алла тағала Құранда «Хужурат» сүресінде біреу хабар әкелсе, оны анықтауды, әйтпесе бір елге кесіріміз тиіп кететінін ескерткен. Бұл аят әуелі әр нәрсенің анық-қанығын біліп алуды үйретеді.

«Мұнара» объективті ақпарат таратумен қатар, салт-дәстүр, тарих, білім, медицина, т.б. салалар бойынша ғалымдардың ізденісін, зерттеу мақалаларын тұрақты түрде жариялайды. Өйткені, ислам құлшылық пен тіршілікті үйлестіре отырып, өмір сүруге үндейді.

Ислам – өркениет діні. Ол ешқашан кертартпалыққа жол бермейді. Құран – әр адам баласының білім алып, ізденуіне жол ашатын, надандықтан, зұлымдықтан қашық болуға үйрететін, керісінше ілім мен өркениет жолына бастайтын Хақ кітап. Ислам – ешқашан ғасыр соңында қалмайтын, керісінше ғасырды, заманды алға жетелейтін дін. Төл газетіміздің ұстанымы осы: жастардың санасына сәуле шашу, рухани таным көкжиегін кеңейту.

ҚМДБ жанындағы «Хикмет» телерадиостудиясы алғашқы кезеңде діни-танымдық бағыттағы аудиоөнімдермен қатар бабаларымыздың мол рухани мұрасы, үлгі-өнегесі, аталы сөзін жарыққа шығарды. Сондай-ақ асыл дініміздегі шариғат қағидаларын, Имам Ағзам Әбу Ханифа мәзhабын салт-дәстүрімізбен ұштастырып, жұртшылыққа насихаттау мақсатында білікті дін қызметкерлерінің бейне уағызын тарата бастады. Сонымен қатар CD, DVD дисктер мен полиграфиялық өнімдер шығаруды да қолға алды. Қазіргі таңда ел арасында «HikmetTV» атауымен белгілі болып келе жатқан медиақұрылымға айналды.

«Хикмет» телерадиостудиясы ғаламтор кеңістігінде youtube.com порталы арқылы өз өнімін қалың жұртшылық назарына ұсынып келеді. Студия қызметкерлері әзірлеген «Ықылас» радиохабары «Қазақ» радиосынан, «Иман шуағы» телебағдарламасы «Асыл арна» телеарнасынан тұрақты түрде шығып келеді.

Студия халықты рухани-ағарту мақсатында қазақ тілінде және соңғы уақыттары орыс тілінде хабар таратуға көшті.

2015 жылдан бастап студия әлеуметтік-рухани маңызы зор бейнероликтер мен анимациялық өнімдер шығаруды қолға алды.

«Хикмет» телерадиостудиясы көрсетілімдерінің елеулі үлесі шариғат мамандары айтқан рухани-ағартушылық бағыттағы бейнеуағыздарына беріледі. Жыл өткен сайын өнімдердің саны мен сапасына ерекше мән беріп келеміз. Осы жылдан бастап ерекше маңызды бейнеөнімдерді Hikmet.tv порталы арқылы тарата бастаймыз.

Сайып келгенде, бұл бастамалар мен игі жобалар жастарды радикалды діни ағымдардың идеологиясынан құтқарып қалудың қамы. Алайда бұл бағыттағы жұмысты жүзеге асыру баршаға ортақ борыш екенін ұмытпауымыз керек. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай! Әмин!

**Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,**
*Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти*

**ҚХА-ға 25 жыл**

# ҰЛТАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚТЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ

Елімізде Қазақстан Халқы ассамблеясының құрылуы – ұлтаралық татулық пен бірлікті қамтамасыз етіп, ел дамуына ерекше серпін бергені анық. Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық татулықтың бірегей үлгісіне айналған ассамблеяға бүгіндері ширек ғасыр толып отыр.

Бұл орайда Қазақстан Халқы ассамблеясының Алматы облыстық филиалы да өңірде тұратын ұлттар мен ұлыстардың бірлігін, достығын бекемдеп, бірлесе қимылдап барлық қиындықты еңсеруге күш салып келеді. Биыл құрылғанына ширек ғасыр толатын ассамблеяның жүріп өткен жолына көз жүгіртсеңіз, оның бірлік пен береке ұйытқысы болғанына байқайсыз. Осы тұрғыда Алматы облыстық бөлімшесінің орны ерекше екені белгілі. Сондықтан айтулы шаралар татулық шаңырағын құрған Елбасының туған жері Шамалған ауылынан басталды.

«Тұңғыш Президент жолымен» атты халықтық экспедиция жалпыұлттық жобасының салтанаты Жетісу өнерпаздарының ән-жырымен ашылды. Жиналған жұртшылық алдында Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның, «Талдықорған әуендері», «Үшқоңыр» ансамбльдерінің әншілері әуелете ән шырқап, «Алтынай», «Шағала», «Ачимноуль», «Туған жер», «Солнышко», «Темп» би ұжымдары түрлі ұлт билерін жұртшылық назарына ұсынды.

Осыдан кейін мәртебелі меймандар Тұңғыш Президенттің «Атамекен» тарихи-мәдени орталығына арнайы ат басын тіреді. Бұл жерде Жансейіт Қансейітұлы орталыққа ассамблея атынан естелік сыйлық пен Елбасы туралы жазылған кітаптарды сыйға тартты. Сондай-ақ Қарасай ауданындағы «Анаға құрмет» мұражайы мен «Батыр бабалар» мемориалында болып, елінің еркіндігі мен жерінің азаттығы жолында қан төгіп, жан берген аға ұрпақтың рухына тағзым етті.

Өткен жылдар ішінде Қазақстан Халқы ассамблеясының институционалдық құрылымы нығайып, қоғамды ұйымдастырушы әлеуеті толысты. Ол халық дипломатиясының маңызды күретамырына айналды. Осы игілікті жұртшылыққа жеткізу үшін

биылғы жылы Қазақстан Халқы ассамблеясының облыстық филиалы бірқатар игілікті шараны өткізуді жоспарлап отыр. Мысалы, 28 ақпанда облыс бойынша «Алғыс айту» күні кеңінен аталып өтпекші. Аталған шара Қаратал ауданындағы «Қазақ халқына мың алғыс!» атты мемориалды ескерткіште бастау алып, облыс орталығындағы республикалық конференция арқылы атқарылған жұмыстың нәтижесін көрсетуді мақсат етіп отыр. «Қазақ халқына мың алғыс!» деп аталатын ерекше ескерткіш 2012 жылы Бастөбе тауының етегінде корей ұлты өкілдерінің елімізде өмір сүріп жатқанына 75 жыл толуы қарсаңында тұрғызылған болатын. Сондай-ақ алдағы уақытта жастардың қатысуымен дөңгелек үстел, форум, семинар, Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай кездесулер мен мәдени кештер, этномәдени орталықтардың ұйымдастыруымен этнос өкілдерінің салт-сана, ғұрып-әдетін насихаттайтын маңызды шаралар өтеді. Осылайша «Ағайын тату болса, ат көп, абысын тату болса, ас көп деген» қазақ халқының қасиетті дәстүрінің өміршеңдігі паш етілмекші. Айта кетерлігі, жыл бойы өтетін шаралардың жоспары жасалып, оны ұйымдастыру реті айқындалған.

Ұлан-ғайыр өлкеде ұлтаралық татулық пен дінаралық төзімділікті сақтауға үлес қосып келе жатқан Қазақстан Халқы ассамблеясының ширек ғасырда жеткен жетістігін жетісулықтар осылай атап өтпекші. Халықаралық дәрежеде мойындалған бұл құрылым алдағы уақытта да бірлік пен берекенің бастауы болып, тыныштықтың тірегіне айналатыны сөзсіз.

**Қажет АНДАС,**
*Алматы облысы бойынша меншікті тілші*

Даму

**Өткен аптада Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов қала тұрғындарына есеп берді. Сол кезде байқағанымыздай, тұрғындардың басым бөлігі қаладағы инженерлік инфрақұрылымға қатысты сұрақ қойды. Оның бірнеше себебі бар. Өйткені, үшінші мегаполисте халық саны жедел өсуде. Қалаға жаңадан 41 елді мекен қосылды. Магистралды жүйе жоқ. Қаржы тапшы. Сала мамандары соған қарамастан, инфрақұрылымды барынша дамытамыз деп отыр. Бұл туралы толығырақ бізге Шымкент қалалық энергетика және коммуналды шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Нұрлан Жаманкөз айтып берді.**

# ҚАЖЕТТІЛІКТІ ҚАРЕКЕТ ШЕШЕДІ

**Jas qazaq:** Нұрлан мырза, қаланың солтүстік шағынаудандарында ауыз су құбырының қуаты жетіспейді. Әлі де су тасып ішіп отырған елді мекен бар. Бұл мәселе қалай шешілуде?

**Н.Жаманкөз:** Өткен 3 жылда 9 елді мекенге ауыз су құбыры тартылды. Онда 31 мың тұрғын бар. Қазір қаланың солтүстік шағынаудандарында ауыз су құбырының қуаты жетіспейтіні рас. Мәселені шешу үшін 3 магистралды құбыр салу қажет.

Ал Шымшаһардағы 81 елді мекеннің 63-і ауыз сумен толық қамтылған және 10-ы жартылай. Солтүстік саяжай, Ынтымақ-2, Жаңа Тұрлан, Ақжар, Айкөл, Асар-2, Ақтас-2, Тұран және Абдулабад, Тұрдыабад, Өтеміс, Шапырашты, Базарқақпа, Жаңаталап, Игілік, Көкбұлақ, Тәуелсіздікке 20 жыл, Қызылжар елді мекендері суды кестемен, ұңғыма және құдық арқылы пайдалануда.

Биыл қалалық бюджеттен 441 млн теңге қаралып отыр. Сегіз елді мекенді сумен қамтитын 2 магистралды құбыр құрылысы басталады. Қазір мердігер анықталуда. Оның жалпы құны – 4 518,6 млн теңге болады.

Сонымен қатар шеткі 5 елді мекенді сумен қамтитын магистралды құбыр салынуда. Нәтижесінде суды тасып ішетін 8 елді мекеннің мәселесі толық шешіледі. Алдағы 3 жыл ішінде жартылай қамтылған 10 елді мекеннің ауыз су түйткілі шешімін табады. Қалаға жетіспейтін 90 шақырым магистралды су құбыры да тартылады.

**Jas qazaq:** Білуімізше, қалада жалғыз кәріз тазалау кешені бар. Бұл барлық елді мекендерді кәріз жүйесіне қосуға мүмкіндік бере ме?

**Н.Жаманкөз:** Иә, қалада жалғыз шайынды су тазарту кешені бар. Оның қуаттылығы 150 мың метр куб. Ал нақты қажеттілік 360 мың метр куб. Бұл елді мекендерді канализацияға қосуға мүмкіндік бермейді. Мәселені шешу үшін қуаттылығы 150 мың метр куб тазарту кешенін салу қажет. Қазір жобалау құжаттамалары әзірленуде.

Өткен 3 жылда 6 елді мекенге ішкі орамдық, 266 шақырым магистралды жүйе тартылған. Онда 47 мыңнан астам тұрғын бар. Қазір канализациямен қала орталығы және 81 елді мекеннің 7-уі ғана қамтылған. 63 елді мекенде канализация жоқ. Қала бойынша көрсеткіш 49 пайыз. Бұл экологияға кері әсерін тигізуде.

Биыл 100 мыңнан астам халқы бар 7 елді мекенге магистралды канализация салынады. Бюджеттен 850 млн теңге бөлінді. Алдағы 3 жылда 26 шақырым кәріз коллекторы мен қуаты 150 мың текше метр тазарту кешені салынады. Нәтижесінде қамту көрсеткіші 59 пайызға жетеді.

**Jas qazaq:** Қала тұрғындарын табиғи газбен қамту мәселесі қалай және қашан толық шешімін табады?

**Н.Жаманкөз:** Соңғы үш жылда 8 елді мекенде газ құбыры тартылған. Бұған бюджеттен 917 млн теңге жұмсалды. Қолданыстағы екі автоматтандырылған газ таратын стансасының (АГТС) қуаты қалаға жетпейді: оның қуаты 180 мың метр куб, нақты қажеттілік 250 мың метр куб.

Биыл үшінші станса салынады. Оның қуаты сағатына 250 мың метр куб. Осы мақсатқа республикалық бюджеттен 3,4 млрд теңге бөлінді.

Құрылысы 2022 жылы аяқталады. Оның жалпы құны 9 463 млн теңге. 2020 жылғы жоспар 3 391 млн теңге.. Оның ішінде республикалық бюджеттен 2 446 млн теңге, жергілікті бюджеттен 945 млн теңгег қарастырылған. Оған дейін Сайрам ауданынан ұзындығы 13,5 шақырымды құрайтын магистралды газ құбыры тартылады. Содан соң 43 елді мекенге ішкі газ құбырлары тартылады. Нәтижесінде 2022 жылы қалада газбен қамту мәселесі толық шешіледі.

**Jas qazaq:** Шалғай елді мекендердегі электр желісі де жетім қыздың күйін кешуде. Онда жарық жиі сөніп қала береді. Неге?

**Н.Жаманкөз:** Соңғы 3 жылда 10 елді мекенге электр желісі тартылды. Екі шағын станса салынды. Оған 9,7 млрд теңге бөлінген. Шымкент қаласының сапалы электр қуатымен қамтылуы 91,2 пайызды құрайды, яғни 942,5 мың адам қамтылған. Бұл 46 шағынаудан деген сөз.

Ал тұрғындардың 8,8 пайызы сапасы төмен немесе жаңа құрылыс жұмыстарын талап ететін электр желілерін пайдалануда. Қазір қаланың солтүстік бөлігінде электр энергиясының сапасы төмен. Түйінді шешу үшін Бозарық шағын стансасы салынуда. Оның қуаты 220 кВт. Шілде айында пайдалануға беріледі. Сонымен қатар «Ақжар» және «1-М-1» шағын стансалары салынуда. Қуаты 110 кВт. Құрылысы келесі жылы аяқталады деп жоспарланып отыр. Осы шағын стансасы іске қосу арқылы 35 елді мекеннің мәселесі шешіледі. Яғни 2021-2022 жылдары қалада электр желісінде ақау азаяды деген үміт зор.



**Jas qazaq:** Әңгімеңізге рахмет!

**Мәриям АЙТБАЙ,**
*Шымкент қаласы*

birgemiz

Арман Қасымов мұнай компаниясында қаржыгер болып жұмыс істейді. Соған қарамастан, 11 жылдан бері бос уақытында Атырау қалалық жедел жәрдем ауруханасында фельдшерлерге тегін көмек көрсетіп келеді. Былтыр «Ұлттық еріктілер» желісі ұйымдастырған байқауда Арман «Медицина саласындағы еріктілік қызметі үшін» сыйлығын иеленді. «Қазақстанның үздік еріктісі» атанған жігіттің медицина саласына келу жолы да қызық. Бұл туралы бізге өзі әңгімелеп берді.

# ЕРІКТІЛЕР ҚАТАРЫНА ОҚУШЫЛАР ДА ҚОСЫЛДЫ

Ең алдымен бос уақытымда еріктілер қатарында жұмыс істеуіме не себеп болғанын айтайын. Бірде жақын адамым ауырып, қатты қиналды. Дәрігер шақыруға тура келді. Мұндай сәттері уақыт та өтпей қояды ғой. Шақырған жедел жәрдем де тез арада келе қоймады. Жанымызды шүберекке түйіп отырдық десек те болады. Егер осындай уақыт алшақтығы болмағанда, бәрі де ойдағыдай болар ма еді? Дәрігерлердің соншалықты неге кешіккенін анықтау үшін келесі күні стансаға бардым. Көліктің неге кешіккенін анықтаған соң, дәрігерлерге де жұртшылық тарапынан көмек керектігін байқадым. Арада біраз уақыт өткен соң өз еркіммен санитарлық жұмысқа сұрандым. Мұнда қосымша жалақы төлеу қарастырылмағанын айтты. Әрине, мені бірден қабылдауға ешкім уәде берген жоқ. Ал мен жалақысыз тегін жұмыс істейтіндігімді айтып, өзімнің ықыласымның осыған ауып тұрғанын жеткіздім. Ақыры 2008 жылы ерікті ретінде жұмысқа тұрдым. Алғашында сапарға шығатын жедел жәрдем көліктерін жуып, ішін тазалап жүрдім. Дәрі-дәрмек қобдишаларын толтырып, зембіл көтерістім. Бәрінен де есте қаларлық оқиға бірде жүкті әйелді босандыруға да қатыстым.

Бастапқыда мені түсінбегендер болды. Тегін жұмыс істейтіндігімді естігендер, тіпті таңғалды. Сөйтіп, адам өмірін қорғауға, науқас жандарға көмектесуге деген ықыласым менің жігерімді жаныды. Қазір медицина саласындағы ең үздік ерікті атанғанымды мақтан етемін. Өмірімдегі ерекше өзгеріс осы болды.

Қазір менің жанымда еріктілер тобы пайда болды. Бүгінде өзіммен бірге тегін жұмыс істейтін еріктілер бар. Оларға өз білгенімді үйретіп, ағалық ақылымды айтып отырамын. Ақырында елімізде тұңғыш рет мектеп оқушыларынан алғашқы көмек көрсетуші еріктілер тобы құрылды. Осы қозғалыстың құрылуына үлес қосқаным маған шабыт сыйлап келеді.

Дәл бүгінде менің басты міндетім – жедел жәрдем көлігін сапарға дайындау. Қажет болса, салон ішін тазалаймын. Көп жағдайда ауыр жарақат алған адамнан қан дақтары қалады. Егер оны дер кезінде тазаламаса, бұл жағдай жедел жәрдемге мінген келесі науқасқа кері әсер етеді. Сол себепті кезекті шақыруға көлік те, дәрігерлер де таза күйінде баруы тиіс.

Қалалық жедел жәрдем стансасына бір тәулікте мыңнан астам шақыру түседі. Арасында түрлі жағдайда ауыр жарақат алғандар кездеседі. Қарап тұрсаңыз, бұл үлкен еңбекті қажет ететін жұмыс. Сондықтан болашақта медицина саласында еріктілер қатарын көбейту қажет. Себебі адам өмірі қорғау бәрінен маңызды. Бұл тұрғыда шетелдік дәрігерлердің де тәжірибесін үйренгеннен ұтылмаймыз.

Былтыр Шарм әл Шейхта демалыста болдым. Қызық үшін сол жердегі аурухананың жедел жәрдем стансасына бардым. Атырау қаласында осындай мекемеде ерікті болып қызмет атқарғанымды айттым. Содан кейін тәжірибе ретінде жұмыстарымен таныстырды. Ол жақтың жедел жәрдем қызметінде ерекшелік бар. Айталық, ауа температурасы 40 градус болып тұрса, дәрігерлер қауіпті жағдайда ғана шақырған жерге барады. Біздегідей фельдшер емес, онда білікті дәрігерлер қызмет жасайды. Он бес күн жұмыс істеп, бес күн демалады. Жедел жәрдем көлігінде ешқандай екпе жасамайды. Ол науқасты бірден ауруханаға жеткізеді. Дәрігерлік киіммен жүру зор мәртебе саналады. Мамандыққа деген мақтаныш та осыдан басталады.

Қазіргі кезде жедел жәрдемге көп сын айтылады. Оның себеп-салдары көп. Басқа жақты білмеймін, ал Атырауда жедел жәрдем көліктерінің жетіспеушілігі өткір мәселе. Биыл бірінші жартыжылдықта осы мәселе түбегейлі шешіледі деген сенім бар. Осы бағытта жұмыстар жүргізіліп жатыр. Атырауға 20 көлік беруге республикалық бюджет қаржы бөліп отыр.

Қай кезде де адамның саулығы – басты байлық. Өмірге қауіп төнгенде алғашқы медициналық көмек көрсетудің маңызы зор. Ал Атырауда дәрігер тапшы екенін екінің бірі біле бермеуі де мүмкін. Сондықтан, медицина мамандары ешқашан көптік етпейді. Жедел жәрдем саласында еріктілер көбейіп жатса, оған тек қуану керек.

Елімізде Еріктілер жылы жарияланып, оған Мемлекет басшысының өзі тікелей назар аударып жатқан тұста, жастар ешнәрседен сырт қалмауы тиіс.

**Жазып алған Баян ЖАНҰЗАҚОВА,**
*Атырау облысы*

**Туризм**

Әлемдік экономиканың дамуында туризм жетекші орынға ұмтыла бастады. Қарқынды дамып келе жатқан салаға елімізде бей-жай қарай алмасы анық. Сондықтан туризм саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сай барлық аймақтарда жедел шаралар қолға алынуда. Бұл тұрғыда Көкше өңіріндегі өзгеріс көңіл қуантады.

# КӨКШЕГЕ КЕЛ, КӨЗАЙЫМ ЖҰРТ!



### БОТАЙ – ТУРИЗМНІҢ АЛҒАШҚЫ ҚОНЫСЫ

Көкше туризмінің бұлақ бастауы – Ботай-Бурабай археологиялық-этнографиялық музейі. Өйткені, Ботай қорымы тарихы жағынан да, тағылымы жағынан да осы аймақтың мақтанышы! Ботай деген не? Алдымен соған тоқталайық. Ботай – дала өркениетінің ең ежелгі тұрағы. Ботай жылқының ғана емес, далалықтардың 5300 жыл бұрынғы қонысы. Бұл жылқы жалында пайда болған алғашқы өркениет. ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұра объектілеріне кірген. Ботай-Бурабай археологиялық ұлттық музейінің ғылыми қызметкері Сәкен Қайыржановтың айтуынша, шетелдің ғалымдары қорымнан табылған қыш ыдыстардың түбін зерттегенде, қымыздың қалдықтарын тапқан. 6000 жыл бұрын біздің бабаларымыз бие сауып, қымыз дайындау технологиясын білген. Ботайда бұдан басқа да өркениет белгілері өте көп. Жылқы сүйегі мен тастан, теріден жасалған тұрмыстық бұйымдар болған. Міне, ұлы дала төсіндегі ең ежелгі өркениет Ботай мәдениетінің қазақ жеріндегі туризмнің алтын тамыры дегеніміз - осы.

### ЕЛІКТІРГЕН ЕЛІКТІ

Көкшетаудың батыс беткейіндегі Елікті тауының етегінен ірге тепкен «Елікті» тау-шаңғысы кешенін көріп, көзайым болған жұрт табиғатының әсемдігі мен онда жұртшылыққа жасалған жағдайға қарап, қазір ол жерді екінші Шымбұлаққа балап жүр. Көп сүйсінген дүниені көрмек парыз. Тамашаға тамсанушылар жалғыз біз ғана емес екенбіз, таяу шетелден келгендер де жыртылып айырылады.

Жексенбі күні ертелетіп жеткенбіз. Сәл ғана шыңылтыр аяз. Табан астындағы ақ қар сықыр-сықыр етеді. Табиғат музасы тұла бойынды қытықтап, тамашаға шақыратындай. Тау шаңғысы жолының қос қапталында самсай тізілген қайың-қарағай басына көз қарықтырып, күнмен шағылысатын аппақ сәукеле киіп алыпты. Шаңғы жолында ерсілі-қарсылы сырғанай самғап жүрген туристерге биіктен қарайтындай.

Кешеннің жаңа қолға көшкеніне көп болмаған. Бұрнағы жылдары ынта болғанымен, үйдегі ойды базар бұзды екен, өңі солғын болатын. Қазір көп-көрім жақсарған, жаңғырған. Соңғы жылдары туризмнің тамырына қан жүгіре бастағанының айқын көрінісі. Әсіресе, қысқы туризм. Әйтпесе былайғы жұрт омырауына сексен көлден сексен моншақ таққан көркем Көкшеге жаз айларында ғана ат басын бұрады. Мына дүниені көргенде қыста да келуге әбден болады екен ғой деген ой түйдік.

Еліктінің етегіне шаңғышылар мен сноубордшыларға арналған бес трасса салыныпты. Ол демалушылардың дайындығына байланысты үш категорияға бөлінген. Шаңғы тебуді енді ғана бастағандарға тегіс, кең ылди жасалған. Ал шаңғыны орташа және кәсіби тебетіндер үшін шұғыл құлама, еңселі еніс ойластырылған.

Бірінші кезекте, тау-шаңғы жолы қалпына келтірілген. Сөз арасында айта кету керек, бұл күнде табиғат қойнауында тыныққысы келгендерді елітіп отырған бұл жер – Ақмола облысының ең жоғарғы нүктесінің бірі. Сондықтан да ақ қарға оранып, тойған қозыдай томпайып жатқан Елікті тауы шаңғы спортымен айналысуға таптырмас орын. Арқан жолдары жаңа заманның талабына сай қайта салынған. Таудың ең жоғарғы нүктесіне дейінгі қашықтық 1300 метр. Сол себепті де аспалы жол ұзартылған. Негізінде, тау-шаңғы жолының қашықтығы 5-6 шақырымды алып жатыр. Яғни кәсіби спортшылардың да жаттығуына әбден лайықты.

Шаңғышылар және сноубордшылар үшін мұнда жақсы жағдай жасалған. Трассаға жасанды қар себетін қондырғы да орнатылыпты. Өйткені, кейбір жылдары қардың аз түсуі тау-шаңғы базасындағы демалыс маусымын ашуға кедергі келтіреді. Бұл туралы «EliktiPark» тау-шаңғы кешенінің атқарушы директоры Ольга Дельдерова: «Тау-шаңғы базасы үшін ең басты мәселе – қыстың қарлы болуы. Мәселен, 2011-2012 жылдары қар жұқа болды. Яғни тау-шаңғысы спортымен шұғылдануға мүмкіндік болмады. Кейін шетелдердегі шаңғы жолының қайсыбірі жасанды қар жамылатынын білдік. Яғни Еуропаның қысқы демалыс курорттарының барлығында дерлік жасанды қар жауғызып, сол арқылы жұмыс істейді. Ресейдің өзінде шаңғы курорттарының саны 250-ге жетті. Олардың 50 пайызы біздің Елікті тауынан әлдеқайда аласа. Яғни біздің де жасанды қар арқылы өз орталығымызды дамытуға болатынын білдік. Қардың қалың жауғанының өзінде тау шаңғысымен айналысу үшін жасанды қардың пайдасы көп. Өйткені, ол табиғи қардан әлдеқайда тығыз, яғни сырғанау үшін өте ыңғайлы», – деді.

Жасанды қар жүйесін орнату үшін көкшетаулық кәсіпкерлер Ресейде Олимпиада өткізуге қатысқан компания қызметіне жүгінген. Тау-шаңғы базасын жаңғыртуды сапалы жүргізген компанияға өздері дән разы. Өйткені, соңғы 5-6 жылда демалыс орталығы жасанды қар жүйесінің арқасында қысқы демалыс мерзімін ерте бастап, кеш аяқтауға мүмкіндік туды.

Зеренді өңірінде туризмді өркендетуде «Елікті» тау-шаңғы кешенінің маңызы зор екені анық. Тамсанған туристердің бірі – Омбы қаласының тұрғыны Александр Иванов: «Сегіз адам болып келдік. Бұл демалыс орны туралы хабарды әлеуметтік желіден оқып едік. Негізінде, Көкшетау бізге таңсық емес. Жазда Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданындағы Шалқар көлінде демаламыз. Енді қысқы демалысты да осы жақта өткізуге жақсы мүмкіндік жасаған екен. Шаңғы тептік, шанамен сырғанадық. Ту сонау тау басынан құлдилаған кезде керемет сезімге бөленесің. Кішкентай балаларымыз Иван мен Денис те дән разы. Орталықта балаларға арналған бөлме де бар. Әсерлі сәт есімізде қалатын болды. Омбыдағы таныстарға да айта жүреміз», – деп ағынан жарылды.

Алғашқы кезде «Елікті» демалыс орталығы күніне тек 30-50 адамды қабылдауға қауқарлы болса, кейін тау-шаңғы базасының материалдық жағдайын жақсарта келе, бұл көрсеткіш 10 есе көбейген. Бұл тау-шаңғы жолын, аспалы жолды қалпына келтірумен және спортпен айналысуға қажет спорт жабдықтарының болуына тығыз байланысты. Ең бастысы, кәсіпкер «Еліктіні» жоғары деңгейдегі демалыс орталығына айналдыру үшін қонақүй кешенін салған. Жас ата-аналар болса, балаларын арнайы ойын бөлмесіне қалдырып, алаңсыз шаңғы тебуіне де болады. Балдырғандармен педагог-ұйымдастырушы жұмыс істейді. Яғни жас ата-аналардың алаңсыз демалуына барлық жағдай бар. Ольга Дельдерова: «Туристер алаңсыз демалады. Тазалыққа да жіті көңіл бөлінеді. Бөлмелерінің жайлылығы, жиһаздарының әдемі де сапалы болуы, қызмет көрсету деңгейі, бәрі төрт жұлдызды қонақүйге сай етіп ойластырылған»,– деді. Орталықтың тағы бір ерекшелігі – демалушыларға үш мезгіл ыстық тамақ беріледі.

Дамыған елдердегідей тау-шаңғы спортын қалыптастыруға тырысатындықтары көзге көрініп тұр. Қажетті құрал-жабдық жеткілікті. Ендігі бір маңызды мәселе – баға саясаты. Біздің пайымдауымызша, ол да қол жетімді сияқты. Күре жолдың бойынан Еліктіге қиялай бұрылатын үш жарым шақырым жолды жөндеу қажет екен. Қыстың күні қар басып қалуы әбден мүмкін. Туристердің жайын ойлаған орталық ауа райының қабағына орай ауық-ауық тазалап тұрады.

**Тұрақты туристер ағынын қамтамасыз ету және халықаралық туристік ағындардың бір бөлігін Қазақстанға бағдарлау үшін туристік ресурстардың даму деңгейін арттыру керек. Елге келуге сұраныстың басты генераторы ретінде туристік ресурстарды дамытуға мемлекет пен бизнес бар күш-жігерін жұмсауға тиіс.**

*(Туризм саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)*

### ЖЕР БАР МА БУРАБАЙДАЙ?

Щучинск-Бурабай курорттық аймағын дамытудың 2017-2020 жылдарға арналған жоспарының 3-ші кезеңі шеңберінде инженерлік инфрақұрылымды жақсарту мақсатында 2019 жылы 4,5 миллиард теңге бөлінді. Щучинск қаласында *(4 кезек)* тоқсанішілік сумен жабдықтау желілерінің, Қатаркөл канализациялық коллектордың, Бурабай кентінде тазарту құрылысы аяқталуда. Үлкен рекреациялық және мәдени әлеуетті ескере отырып, демалыс және туризм индустриясы экономиканың басым салаларының бірі болып қала береді. Ақмола облысы еліміздегі туристік аймақтары көшбасшыларының бестігінде тұр. Щучинск-Бурабай курорттық аймағының жұмысы туристік картаның ондығына енгізілген. Зеренді демалыс аймағы өңірлік деңгейдегі 50 нысанның қатарына енді. Экологиялық, мәдени-танымдық және этнотуризмді дамытуда үлкен әлеуетке ие.

Ауылдық, аңшылық-олжалық және спорттық туризмді дамыту орталығы болып Сандықтау ауданы аталды. Отбасылық туризмді ұйымдастыру және дамыту үшін *(демалыс күнгі серуен)* астана жанындағы демалу аймағы анықталды *(Аршалы, Ақкөл, Шортанды және Целиноград аудандары)*.

Туристік инфрақұрылымды дамыту мақсатында жалпы сомасы 28,7 миллиард теңгеге 4 нысан және 7 қоғамдық тамақтану нысаны іске қосылып, 376 жұмыс орны ашылды.

Бүгінгі күні өңірдің туристік кластерін туризм саласының 700-ден астам кәсіпорыннан *(407 орналастыру объектісі, 45 санаторлық-курорттық мекеме, 178 жол бойындағы қызмет, туристік қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар 68 турфирма, «Көкшетау», «Бурабай», «Бұйратау» ұш мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы, «Бурабай даму» ЖШС)* кластердің мәдени-тарихи сегменті 900 ескерткіштен тұрады. Олардың көпшілігі мемлекеттің қорғауында және экскурсиялық бағдарламаларды қамтамасыз ету кезінде пайдаланылады.

Бурабай курортын жыл бойы жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған «Four seasons» тұжырымдамасы шеңберінде былтыр 10 мыңнан астам адамды қамтитын 20 ірі іс-шара өткізілді. Аймақ 8 халықаралық туристік іс-шараларға және 5 ірі ақпараттық жарнамалық турға қатысты. Демалу және саяхаттау мүмкін орындар туралы туристерді хабардар ету мақсатында «Visit Aqmola» туристік орталығының құрылған.Үш тілдік интернет-ресурсында және әлеуметтік желілерде бейнеролик, аймақ пен көрікті жерлер, туристік бағыт, картографиялық материал жарияланған.

Демалушылармен кері байланысқа бағытталған бірыңғай Call-center жұмыс істейді. Қызмет сапасын жақсарту үшін еліміздегі бірінші сервис және туризм академиясының 48 студенті Түркияның таңдаулы қонақүйінде тағылымдамадан өтті. Туризм саласында жүргізіліп жатқан жұмыс қызмет көрсетілген келушінің санын өткен жылғы деңгейге қарағанда,14,8 пайызға 310 мың адамға дейін, көрсетілген қызметтің көлемін 16 пайызға 5,8 миллиард теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

### КӨРКЕМ КӨКШЕ

«Көкшетау» ұлттық саябағында танымдық және экологиялық туризмді дамыту жағдайын қамтамасыз ету, экологиялық білімді, жағажайлық серуендеу, спорттық және әуесқой аңшылық пен балықшылық, табиғат және тарихи, археологиялық ескерткіштерге баруды ұйымдастыруға жол ашылды. Бұл аумақ 17057,3 гектар немесе ұлттық саябақтың жалпы аумағының 9,3 пайызын құрайды.

Саябақ аумағындағы әр алуан мекемеаралық демалыс орталығы мен база, шипажай және демалыс үйінде қысқа мерзімді демалыс басым. Шалқар, Зеренді және Арықбалық аймақтарында тынығушы көп. Жыл бойы ұлттық паркке 50 мыңға жуық адам келеді.

Онда жазғы үй бар. Спорттық тынығу үшін волейбол және футбол алаңы жарақтандырылған. Катамаран жалға беріледі. Экологиялық және танымдық туризмді дамыту мақсатында ұлттық саябақ аумағында 20 туристік бағытқа жол кестесі әзірленген. Олардың 9-ы жаяу, 3-еуі су, 2 аралас, 1 көлік, 2-еуі атты, 2-еуі велосипед жолы. Негізінен, Арықбалық, Шалқар және Зеренді филиалдарын басып өтетін жаяуларға арналған жолда саяхатшы көп. Бұл – Айыртау шоқысы, Найзатас шоқысы, Шалқар көлінің оңтүстік жағалауы, Шиелі төбешігі, тау шоқылары, Буян шатқалы және тағы басқалар.

Туристік соқпақ пен маршрут ұлттық парктің қызықты жері болып табылатын мемлекеттік табиғат ескерткіштері, тарихи және археологиялық орындары арқылы өтеді.

**Байкен КӨБЕЕВ,**
*Ақмола облысы*

**Жақсыдан үйрен**

*(Басы 1-бетте)*

Мұны көргенде жабырқап қаламын. Қазақ тілі – өте әдемі тіл. Алдағы уақытта тілді жетік меңгеріп, көркем әдебиеттерді оқығым келеді.

**Jas qazaq:** Жапонияда технология қарыштап дамыса да, жастар кітаптан бас алмайтынын байқаймыз. Мұның сыры неде?

**Такеши Номура:** Біздің елде баланың кітап оқуына кішкентай кезінен ықпал етеді. Сондықтан әр жасқа арналған кітаптар өте көп. Кітап дүкені де жеткілікті. Жапон халқында «технология қарыштап дамыса да, адамның рухани дамуына тек кітап

**Такеши НОМУРА:**

# ӨЗ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕМЕЙТІН ҚАЗАҚТЫ КӨРГЕНДЕ ЖАБЫРҚАП ҚАЛАМЫН!

қана көмектесе алады» деген қағида бар. Сондықтан әрбір жапон баласы жастайынан кітапқа құмар боп келеді. Өйткені, өзіне керектінің бәрін кітаптан табады. Анам кішкентай кезімде мені де кітапханаға жиі апаратын. Оқудан жалыққан жоқпын. Бүгінгі жетістіктерім де соның арқасы.

**Jas qazaq:** Такеши мырза, қазақ тілімен таныстығыңыз қалай басталды?

**Такеши Номура:** Мені қазақ тілін үйренуге қызықтырған ақын Абай Құнанбаев болды. Жапонияда жоғары оқу орнында оқитын Жанна деген қазақ қызы болды. Жақсы танысым. Ол маған ойшыл ақын Абай туралы мақтанышпен айтатын. Біраз шығармаларын да оқып берді. Бос уақытында қазақ тілін үйретті. Бұл қазақ тілін үйренуге деген қызығушылығымды оятты. Айтпақшы, Қазақстанға келмес бұрын бір жылдай Түркияда тұрдым. Түрік тілін үйрендім. Алматыға келгеніме жарты жылдан асты. Қазір Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде оқи жүріп көп нәрсеге көз жеткіздім. Қазақ тілі өте бай екен. Мағынасы да терең. Абай атамыздың:

*Ғылым таппай мақтанба,*
*Орын таппай баптанба,*
*Құмарланып шаттанба,*
*Ойнап босқа күлуге.*
*Бес нәрседен қашық бол,*
*Бес нәрсеге асық бол,*
*Адам болам десеңіз,* – деген өлең жолдары қатты әсер етті. Ақынның шығармаларынан терең философияны түсіндім.

**Jas qazaq:** Жапон мен қазақ халқының арасынан ұқсастық байқадың ба?

**Такеши Номура:** Менің байқағаным – екі ел мәдениетінің арасында жақындық бар. Мысалы, қазақтарда үлкен кісіні қатты сыйлайды. Төрге шығарады. Жапондар үшін де үлкенді сыйлау – ең басты қағида. Ал қонақжайлылық жағынан қазақ елі жапондардан басым екен. Әсіресе қонақтарға үлкен астаумен ет тартатыны ұнайды. Ұлттық тағамдарға да үйрендім. Қазақша ет пен ыстық бауырсақ сүйікті тағамыма айналды. Қазақ халқының өзгелерге үнемі көмек қолын созғысы келіп тұратын жақсы әдетін ерекше айтып өткім келеді. Ешкімді алаламайтын, шын ниетімен қарсы алатын қасиетін жоғары бағалаймын. Екі тілдің ұқсас жақтары бар. Ол етістіктерді қолдану реті. Мысалы, «мен мектепке барамын» деген сөз қазақ тілінде, жапон тілінде де солай айтылады. Яғни осындай грамматикалық жақын тұстары бар. Қазіргі таңда тілді одан сайын жақсы меңгеру үшін бар күшімді салып жатырмын. Болашақта елшілікте қызмет істеп, екі елдің байланысын нығайтқым келеді.

**Сұхбаттасқан**
**Мақпал НОҒАЙБАЕВА**

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

# Еріктілердің ізгі ісі

Елімізде Волонтерлер жылы басталды. Күні кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Birgemiz» волонтерлер фронт-офисін ашқаны белгілі. Мемлекет басшысы жастар алдында «Волонтер болу – жүректің ісі, яғни шынайы ниеттің көрінісі. Сендер қолға алған жұмыстардың барлығы дәл осындай мейірімділіктің жарқын үлгісі боларына күмәнім жоқ. Мен волонтер жылында, ең алдымен, еліміздің жастарына зор сенім артамын», – деді.

Шынында да, аймақтарда еріктілер қозғалысы қайырымдылық жасау мақсатында түрлі жұмыс бастап кетті. Мұның бір жарқын көрінісін – Алматы Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университетіндегі «Самғау» еріктілер қозғалысы ұйымдастырған «Кітап жәрмеңкесінен» байқадық.

Еріктілер тобының жетекшісі Әсет Мәдениетұлының айтуынша, «Самғау» 2019 жылдың қазан айында құрылған. Ол бұл туралы: «Биылғы жыл – Еріктілер жылы деп жарияланып, қайырымдылық шараларын жандандыруға серпін берді. Біздің жастарымыз былтыр балалар үйіне көмек беріп, экологиялық акциялар, «Ауланды таза ұста» секілді түрлі шара өткізген болатын. Ал биылғы алғашқы шарамыз – «Кітап жәрмеңкесі».

Мұндағы мақсатымыз – Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті ғалымдарының кітаптарын, оқырмандарға таныстыру. Кітап жәрмеңкесі аясында университетіміздің баспасынан шыққан 189 кітап сатылды. Түскен қаржы оқу орнының «Білім қазына» қорына аударылды. Жиналған қаржы университеттің жаңа корпусын салуға, сонымен қатар ақылы бөлімде оқитын студенттеріміздің оқу ақысына жұмсалады. Қазір тобымызда 80-ге жуық ерікті бар. Өзге оқу орындарынан да ерікті болуға өтініш білдіріп, жұмысты жандандыруға ықылас білдіргендер бар», – деді.

«Самғау» еріктілер тобының мақсаты – ең алдымен, елге жақсылық жасау. Осы арқылы адамдарды бір-бірімен таныстыру, табыстыру, біріктіру, қайырымдылыққа жұмылдыру. Сондықтан, мұндай шаралар алдағы уақытта да жалғасады.

Жәрмеңкеге келген қонақтар діни кітаптармен танысып, өздерін қызықтырған кітапты сатып алып жатты. Солардың бірі – Алматы қаласының тұрғыны Айдын Ибраев мұндай кітап жәрмеңкесінің жиі өткені дұрыс екенін айтты. Ол бізге берген сұхбатында: «Әлеуметтік желіден жәрмеңке туралы жарнаманы көріп, арнайы келдім. Өзімді көптен бері қызықтырып жүрген кітаптарды таптым. Бірнешеуін сатып алдым. Бірін өзім оқысам, бірін туысыма сыйға беремін. Өйткені, кітап – қазына. Кітап оқығанды жақсы көремін. Әсіресе тәрбиелік мәні бар, рухани кітаптардың пайдасы мол», – деді.

> **«Дана халқымыз «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген. Қайырымдылық пен мейірімділік – қанымызға сіңген қасиет. Қазақта асар жасап, бір-біріне көмектесіп, қолдау көрсету дәстүрі бар. Оның волонтерлікпен үндесетіні сөзсіз. Сондықтан сол дәстүрді заманға сай қайта жаңғыртуымыз қажет».**
>
> *(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев)*

«Самғау» еріктілер тобы алдағы уақытта Алматыдағы қарттар үйіне, «Жанұя» балалар үйіне барып, қайырымдылық науқанын жалғастырады. Әсіресе Алатаудың етегін қоқыстан тазарту – ең басты міндеттері болып тұр. Сондықтан «Самғаудың» саңлақтары көктем шыға тау етегін қоқыстан тазартуға белсене кіріспекші.

**Мақпал НОҒАЙБАЕВА**

ГОТОАЙҒАҚ

## Қыс әлегі

Алматы

Фото: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

АСЫЛ ҚАЗЫНА

## Күйеуаяқ

Күйеуаяқ *(ғұрып)*. Жігіт қалыңдығын алғаннан кейін әдеп бойынша енесін қошаметпен өз үйіне апарып салады. Ата-енесі күйеу баласына ірі мал атайды. Мұны «күйеуаяқ» дейді.

## Түйемұрындық

Түйемұрындық *(ғұрып)*. Ұзатылып жатқан келіншек көшінің жолында отырған ауылдың адамдары *(жастары, әйелдері)* керуен атының ноқтасынан, не түйесінің бұйдасынан ұстап тұрып сұрайтын кәдесі. Қыз анасы оларға кәдесін жасайды, кәде алған риза болып, бақыт тілеп батасын беріп, жол болсын айтады.

ЖАҢЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

## Әл Фараби - Үндістанда

Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Үндістандағы Қазақстан елшілігі және Жавахарлал Неру атындағы университет ұжымының қолдауымен Нью-Дели қаласында Әбу Насыр әл Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына арналған жиын ұйымдастырды.

Іс-шараға елші Ерлан Әлімбаев, екі елдің ғалымдары, Орталық Азия елдерінің дипломатиялық миссиялары мен ғылыми қауымдастық өкілдері қатысты.

Жиынды ашқан Қазақстан елшісі Е. Әлімбаев Әл Фарабидің мерейтойы ЮНЕСКО-ның атаулы күндері мен оқиғалар күнтізбесіне енгізілгенін және оны мерекелеу адамзаттың «екінші ұстазының» дүниежүзілік мұрасын зерттеуге және зерделеуге қуатты серпін беретінін атап өтті. Бүгінде Ұлы дала ойшылының есімі әр елдің, соның ішінде үнді ғалымдарын да қызықтыруда. Іс-шараны халықаралық деңгейде өткізу Әл Фарабидің шығармашылық мұрасы мен қазақ тарихын дәріптеуге ықпал етеді. Бұл туралы ҚазҰУ-дың проректоры Мехмет Арслан: «Жуырда университетіміз Делиде Әл Фарабидің мұражай-үйін ашты. Ол ғалымдар мен жұртшылықтың басын қосатын ерекше орынға айналды. Ғұлама ғалымның мерейтойын әлемдік деңгейде атап өткізуді ИЫҰ, ИСЕСКО, ТҮРКСОЙ және басқа да халықаралық ұйымдар қолдап отыр», – деді.

Жиын барысында университет делегациясы Әл Фарабидің өмірі мен еңбектері, оның қазіргі мұрасының маңызы туралы ғылыми баяндамалар мен тұсаукесерлер жасады. Ойшылдың идеялары негізінде әзірленген «Университет 4.0» жаңа буын университетінің рухани-адамгершілік және ғылыми-технологиялық платформасын қамтитын моделі ұсынылды.

Басқосуда сөз алған Үндістанның академиялық топтарының өкілдері, ғылыми орталықтар мен институт басшылары Әбу Насыр Әл Фараби мұрасының маңыздылығына ерекше тоқталып, осындай шаралардың екі елдің мәдениетін жақындастыруда маңызы зор екендігі атап өтілді.

Сапар барысында қазақстандық делегация Амити университетінде (Нойда қаласы) 100-ден астам ел өкілдері басын қосқан «INBUSH ERA – 2020» бүкіләлемдік саммитке қатысты. Оның аясында ынтымақтастық туралы меморандумға, Амити университетінде Әл Фараби орталығын және ҚазҰУ-да әріптес білім ордасының өкілдігін құру туралы келісімге қол қойды.

**Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ**

Jas qazaq газетінің ұжымы Қазақстан Республикасы Президентінің баспасөз хатшысы Берік Уәлиге

**әжесі Күлән ҚҰРМАНҒАЛИҚЫЗЫНЫҢ**

қайтыс болуына қайғырып, көңіл айтады.

**Бас редактор – директор**
**Срайыл СМАЙЫЛ**

**Редакция алқасы:**

**Жолдасбек ДУАНАБАЙ** Бас редактордың орынбасары

**Жарас КЕМЕЛЖАН** жауапты хатшы

**Ғалия ҚАЛИЕВА**
компьютер орталығының жетекшісі

**Тілшілер мен қызметкерлер:**

**Мақпал НОҒАЙБАЕВА –** *арнаулы тілші*

**Әбдіманап КЕҢЕС –** *жастар және ғылым*

**Кәмшат ТӨЛЕШОВА** – *терімші*

**Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ –** *web-сайт*

**Аймақтағы меншікті тілшілер:**

Байкен КӨБЕЕВ– Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС – Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАҚОВА – Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ – Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Ернұр КЕНЖЕБАЙ – шолушы

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Талғатжан МҰХАМАДИЕВ – Шығыс Қазақстан облысы

Кезекші редактор
**Мақпал НОҒАЙБАЕВА**

Шығарушы:
**«Аманат Медиа» ЖШС**

Директордың орынбасары
**Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ**

Бас есепші
**Расима ӘКІМБЕКОВА**

**Редакцияның мекенжайы:**
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
*(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)*
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2198;
Бағасы келісім бойынша

**Айлық таралымы – 23 000 дана**

***Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.***

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.